- Рецензия пишется для конкретной аудитории, отчасти рекламирует текст.

- Чем отзыв отличается от рецензии?

Отзыв:

Субъективность

Она присутствует в любом отзыве независимо от того, написал его критик Белинский или аноним в комментариях. Претендовать на объективность, конечно, никто такому эксперту не запретит, но для любого стороннего наблюдателя будет ясно, что это дурной тон и полное непонимание законов жанра. Отзыв именно тем и ценен, что позволяет привнести свой личный опыт в осмысление произведения, дать вольную оценку без оглядки на авторитеты. Не нужно быть литератором, чтобы сказать, чем именно зацепила книга, что в ней особенного именно для вас как человека с собственным мировоззрением и вкусом.

Написание статьи, тезисов

1. Обсудите с обучающимся предмет речи будущей статьи по материалам проекта (о чем будет статья?). Выбор предмета речи отвечает требованиям актуальности, значимости для предметной области проекта, для самого автора.

2. Соберите с обучающимся материал для будущей статьи, руководствуясь принципами актуальности, новизны, практической ценности.

3. Организуйте обучающегося для формулирования темы (заголовка) статьи, помня, что:

- в теме должно быть оптимальное количество слов: от 5 до 9;
- заголовок темы лучше начать с отглагольного существительного;
- лучше, когда тема содержит в себе тезис в сжатом виде;
- заголовок должен «цеплять на крючок внимания».

4. Вместе с обучающимся структурируйте отобранные материалы: ключевой тезис, содержащийся в заголовке в кратком виде; микротезис 1 – аргумент к микротезису 1 – иллюстрация к аргументу 1 и т.д.

5. Организуйте повторение обучающимся структуры типов речи описание, повествование, рассуждение. Обучающемуся следует определить, как структура рассуждения поможет в написании статьи, где и как будут использоваться элементы описания и повествования.

6. Организуйте повторение обучающимся стилистических особенностей научно-популярной разновидности научного стиля для выбора средств собственной статьи.

7. Организуйте сопровождение обучающегося на этапе устного проговаривания отдельных составных частей статьи.

8. Окажите предметно-методическую помощь в редактировании первого варианта статьи.

Заключение

Ведущим трендом в области современного школьного литературного образования является использование инновационных методов, приемов, форм и технологий обучения. К инновационным методам работы по литературе относится интермедиаальный анализ художественного произведения, направленный на изучение в нем образов различных видов искусства, на рассмотрение культурных «кодов» в тесной связи со спецификой содержания и поэтики повествования, как способ их глубокого познания в целом. Несмотря на то, что мысль о необходимости взаимосвязанного изучения литературы и других видов искусства не нова в отечественной педагогической науке, в качестве метода работы с художественным текстом интермедиаальный анализ разрабатывается сравнительно недавно, что объясняет недостаточность теоретического и методического освещения интермедиаальности в специальных публикациях.

Методическая идея настоящего исследования заключается в утверждении высокой продуктивности применения интермедиаального анализа в работе с драматургией на уроках литературы в школах гуманитарного профиля, что обусловлено синкретичной природой драмы, ее ориентацией на сценическое воплощение. Важность интермедиаального анализа возрастает при обращении к пьесам современных драматургов, созданным в рамках постмодернистской поэтики

и эстетики с синтезом элементов различных видов искусства (Б. Акунин, Л. С. Петрушевская и др.).

В результате проведенного исследования были сформулированы методические рекомендации по введению интермедиального анализа: широкое применение инновационных технологий при введении основ интермедиального анализа в обучение; пристальное внимание учителя-словесника к работе с теоретико-литературными понятиями; применение на уроках интеграции различных видов искусства на разных уровнях поэтики произведения; обращение к приемам работы, учитывающим ориентацию драмы на сцену.

Перспективы дальнейшего исследования проблемы мы видим в детальной разработке методической системы применения интермедиального анализа при изучении произведений в школьном курсе литературы.

Использованная литература:

1. Jurgen E. Muller. Intermediality and Media Historiography in the Digital Era // Acta univ. sapientiae, film and media studies. 2010. Vol. 2. P. 15– 38.
2. Ахметова Г. А. Анализ художественного текста на уроках литературы: интермедиальный аспект // Образование: традиции и инновации. 2021. № 1.
3. Борисова В. В. Интермедиальные уроки по русской словесности // Пед/ журнал Башкортостана. 2018. № 4.
4. Чуканцова В. О. Интермедиальный анализ в системе исследования художественных текстов: преимущества и недостатки // Известия Российского государственного педагогического университета имени А. И. Герцена. 2009. Вып. 108.
5. Карабанова Н.В. введение интермедиального анализа художественного текста на уроках литературы в старших классах школ гуманитарного профиля //Педагогика. Вопросы теории и практики. 2022. Том 7. Выпуск 7
6. https://studbooks.net/705354/zhurnalistika/zametka_zhanrov_publitsisticheskogo_stilya

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Үмбетқұлова Сания Маратқызы,
Сарыөзек ауылдық орта мектебінің
информатика пәні мұғалімі,
Кербұлақ ауданы, Жетісу облысы

Мақсаты: ҰБТ кезінде кездесетін қиындықтардың алдын алу және оқушыларды тестілеуге дайындалудың түрлі тәсілдерін қарастыру.

Міндеті:

- ҰБТ-ға дайындаудың тиімділігі артады;
- сабаққа дайындалу деңгейінің ұтымдылығын анықтайды;
- оқушының терең білім алуына көмектеседі;
- мұғалімдер сабақ үрдісінің белгілі бір кезеңінде топтық жұмысты тиімді қолдана отырып, оқытуды бағалауды үйренеді.

«Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанымен – тарихтағы ең ұлы істің бірі» – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастырып тәрбиелеу ұстаздар қауымының басты бағыттарының бірі – Ұлттық бірыңғай тестілеу болып отыр. ҰБТ-ны жақсы тапсыру үшін оған сапалы дайындық қажет. Оқушы білімді меңгеріп қана қоймай, оны іс жүзінде қолдана алуы керек. Осы себептен ҰБТ-ға оқушыларды дайындауда тиімді әдістер мен тәсілдерді үнемі іріктеп отыру қажет. 2022 – 2023 оқу жылында информатика пәні мұғалімі, ақпараттық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік мамандықтарын таңдау үшін ҰБТ-да информатика + математика пәндерін таңдау қажет. ҰБТ-да информатика пәні биылғы оқу жылы қосылып отырғандықтан ең алдымен:

- Оқушыларды ҚР БҒМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директорымен бекітілген информатика пәні бойынша ҰБТ-ға арналған тест спецификациясымен таныстыру;
 - Ұлттық тестілеу орталығында жарияланған кітаптар мен терминдерді таныстыру;
 - Оқушыларды сабақта алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету;
 - ҰБТ – ға сапалы дайындық ұйымдастыру;
 - Оқушыларды 100 пайыз оқу үлгеріміне талаптандыру;
 - Сонымен қатар, көптеген тест тапсырмаларында міндетті түрде келетін EXCEL, SQL, Python, HTML&CSS программалармен практикалық жұмысты жүйелі түрде жүргізу керек;
- Оқушыларды информатика пәнінен ҰБТ-ға дайындау бойынша іс-шараларды жоспарлау келесі кезеңдерден тұрады:

I. Диагностикалық кезең

✓ Информатика пәні бойынша ҰБТ-ға арналған тест спецификациясына сәйкес компьютерлік жүйелер, ақпараттық процестер, компьютерлік ойлау, денсаулық және қауіпсіздік, ақпараттық және программалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, қосымшалар әзірлеу, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік бөлімдерінен келетін оқу мақсаттарынан құралған тест дайындау және тест нәтижелерін талдау.

✓ Тест нәтижесіне сәйкес жеке апталық жұмыс жоспарын құру.

II. Практикалық кезең

- ✓ Тест жинақтарымен жұмыс;
- ✓ Күрделі тақырыптар бойынша деңгейлік тапсырмалар;
- ✓ Топтық және жеке дайындық;
- ✓ Тестпен жұмыс жасауға тиімді тәсілдерді қолдану.

III. Синтетикалық (анықтаушылық) кезең

- ✓ Тақырып бойынша бақылау тестілері;
- ✓ Мониторинг;
- ✓ Қатемен жұмыс парағын жүргізу;
- ✓ Психологиялық тренинг ұйымдастыру және өткізу.

Дайындық жұмыстарын неден бастаған дұрыс?

1) Жылдық жұмыс жоспарын жасау. Жұмыстарды алдын ала жоспарлап алудың маңызы зор. Жоспардың Алматы кітап, Арман – ПВ, Атамұра, Астана кітап, Мектеп оқулық материалдары негізінде жасалғаны дұрыс.

2) Тест жұмыстарын жинақтау, тақырыптар бойынша бақылау тестілері. Тест орталықтары дайындаған оқулықтар мен тест кітапшаларын жинақтау информатика пәні бойынша дайындыққа үлкен септігін тигізеді.

Осы сынама тестердің де оқушыға пайдасы өте көп. Оқушы өзін ҰБТ-ны тапсырып отырғандай сезінеді, әрі жауабын білгенше асығады. Кейбір оқушылар жауаптарының қаншалықты дұрыстығын білу үшін мұғалімдерге тексертуге тырысады. Бұл дұрыс емес, оқушы әуелі өзі тексеріп, онан соң қасындағыларға тексертіп, тек күмәнданған сұрағын ғана мұғалімнен сұрауы керек

3) Сұрақтармен жұмыс жасауда тиімді тәсілдерді қолдану. Сұрақтармен жұмыс жасағанда, ең бірінші ескеру керек нәрсе оқушының қызығушылығын ескеруіміз керек. Сұрақтарды баланы жалықтырмау үшін түрлендіріп отырған дұрыс. Сұрақтың мазмұнын ғана емес, тапсырманың берілуін де түрлі үлгіде жасаған дұрыс.

4) Күрделі тақырыптар бойынша деңгейлік тапсырмалар. Деңгейлік тапсырмалар негізін мен «Достық» орталығынан бір оқушының алған журналынан көріп, соның негізінде жасай бастадым. Бұл жеке бір тақырыпта жұмыс істеуге өте тиімді тәсіл. Әрі, өтілген тарауды оқушылардың қалай меңгергенін осы тапсырманы орындатқаннан кейін анық байқауға болады.

5) Логикалық тапсырмаларды талдау. Соңғы жылдары ҰБТ кезінде берілетін сұрақтардың ішіне логикалық тапсырмалар да енгізіле бастады. Соған орай дайындық кезінде оқушыға осындай сұрақтардың кездесуі мүмкін екенін түсіндіре отырып, логикалық тапсырмалармен де жұмыс жасап үйреткен дұрыс.

6) Топтық және жеке дайындық. Бұл екі дайындық түрімен де жұмыс жүргізу. Екеуі де өте тиімді.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген, бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне, өмірлік мүдде, бағдарына байланысты екеніне күмән жоқ. ҰБТ – 11 сынып оқушылары үшін өмірлеріндегі аса маңызды жауапты кезең, өйткені ҰБТ нәтижелері оларды таңдаған мамандықтарына қарай алғашқы қадам жасауға мүмкіндік береді. Көзделген мақсатқа жету үшін оқушы мен мұғалімге де аянбай еңбек ету керек деген ой түйеміз.

ПРИМЕНЕНИЕ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ГЕОГРАФИИ

Оразбекова Салтанат Тлеугабыловна,
преподаватель географии

Алматинского государственного бизнес колледжа

Одной из целей современного учебно-воспитательного процесса является создание ситуаций и условий, способствующих осознанию каждым обучающимся своей индивидуальности. Основная задача дифференцированной организации учебной деятельности – раскрыть индивидуальность, помочь ей развиваться, устоять, проявиться, обрести избирательность и устойчивость к социальным воздействиям. Дифференцированное обучение сводится к максимальному развитию задатков и способностей каждого обучающегося. Важно, что при этом общий уровень образования в образовательной должен быть одинаков для всех.

Развитие личности учащегося в условиях дифференцированного обучения в личностно-ориентированном образовании ставит своей целью обеспечить учащимся свободный выбор обучения на вариативной основе дифференцированного подхода с учетом индивидуальных особенностей личности на основе государственного образовательного стандарта образования.

В.А. Сухомлинский говорил: «Интерес к учению есть только там, где есть вдохновение, рождающееся от успеха».

Психофизиологические особенности учащихся, разные уровни их умственных способностей требуют для обеспечения эффективного обучения каждого ученика или группы обучающихся неодинаковых условий обучения. Это возможно при индивидуализации и дифференциации обучения.

Дифференциация в переводе с латинского «differentia» означает разделение, расслоение целого на различные части, формы, ступени. До сих пор общепринятого подхода к раскрытию сущности понятия «дифференциация обучения» не существует.

Н.М. Шахмаев говорил: «Учебно-воспитательный процесс, для которого характерен учет типичных индивидуальных различий учащихся, принято называть дифференцированным, а обучение в условиях этого процесса – дифференцированным обучением». При этом под типологическими индивидуально-психологическими особенностями понимают такие особенности обучающихся, на основании которых их можно объединить в группы.

По мнению американского педагога Кэрла Анна Томлинсона: «студенты учатся, совершенствуя имеющиеся навыки. Дифференцируя, учителя помогают ученикам учиться там, где они находятся, на их уровне понимания. Дифференциация поощряет уверенность и оптимизм».

Дифференциация по содержанию, по процессу, по результату и по учебной среде

По исследованию американского педагога Кэрла Анна Томлинсона, занимающегося темой ранжирования, учителя *могут* проводить дифференцированное обучение четырьмя способами:

1. по содержанию;
2. по процессу;
3. по результатам;
4. по учебной среде.

Дифференцированное обучение по содержанию. По словам автора, содержание базового образования должно соответствовать государственным стандартам образования. Некоторые обучающиеся могут быть совершенно не знакомы с учебным материалом на уроке, некоторые говорят, что мало опыта, а некоторые могут быть знакомы с этим материалом до занятий.

Преподаватель должен организовать различные методы обучения (знание, понимание, применение, анализ, обобщение, оценка) в группе обучающихся, охватывающей различные уровни по таксономии Блума (классификация интеллектуальных уровней от нижнего уровня мышления до уровня мышления). Обучающимся, совсем не знакомым с учебным материалом, могут быть предложены задания, требующие более низкого мышления, такие как знание, понимание. При выполнении аналитических заданий, использование обучающимися среднего уровня успеваемости можно представить обучающимся высокого уровня задания, направленные на обобщение, оценку.

Используя популярную модель VARK классификации стилей обучения, составленную Нил Флемингом в 1987 году. Эта модель заключается в том, чтобы помочь каждому обучающемуся освоить новые знания, определив, как он может воспринимать познавательное.

В модели Флеминга в зависимости от каналов приема информации люди подразделяются на аудиотипы, визуалы и кинестетики. Прием информации, полученной каждым человеком, может быть разным.

- Аудиовизуальным путем прослушивания называют людей, способных накопить много информации;

- приемный канал визуалов – зрительный;

- а кинестетики принимают окружающую среду через органы чувств.

Каждый ученик имеет свой характерный стиль обучения и эффективный анализ включает в себя отбор учебного материала в соответствии с каждым из этих стилей обучения.

Примеры дифференцированного обучения через Процесс:

- Обеспечение учебниками визуалов;

-Тактильные включает аудирование аудиозаписей;

-Дать кинестетикам возможность самостоятельно выполнять задания.

Обучающиеся не ожидают поддержки от учителя, некоторые обучающиеся нуждаются в работе в парах, группах, некоторые ученики хотят работать индивидуально. Некоторые группы обучающихся могут получить выгодные знания в общении учителя и ученика, ученика и ученика, а другие обучающиеся могут добиться успеха самостоятельно. Поэтому необходимо эффективно организовать поддержку в соответствии с потребностями учащихся.

Дифференцированное обучение – один из способов достижения высоких результатов и достижений путем планирования процесса на основе учета потребностей учащихся в получении ЗУН.

Для этого важно четко сформулировать цели и задачи обучения. При этом требование к обучающемуся должно соответствовать уровню его образования.

Применяя дифференцированное обучение при изучении географии для систематизации знаний и совершенствования качества подготовки квалифицированных специалистов, необходимо учитывать личностные возможности каждого обучающегося: развивать умение используя все органы чувств в развитии слуховой, визуальной, мышечной, речевой и мыслительной (творческой) памяти, каждая из которых дает по 20% памяти, в сумме возможно получить 100% знания. При этом педагог должен помнить, что время восприятия человеком любой информации от 10 до 15 минут, поэтому необходимо использовать различные методы, подходы и стратегии дифференцированного обучения, меняя тактику ведения урока каждые 10-15 минут.

Дифференцированное обучение по результатам

Результат - попытка показать знания, полученные учащимися по содержанию в конце урока. Она может быть представлена в виде теста, проекта, доклада или другой работы. В соответствии со стилем обучения и желанием ученика, учитель должен эффективно организовать, в какой форме каждый ученик представляет результат.

Примеры дифференцированного обучения по результатам обучения:

- Учебные и письменные задания по содержанию книги;
- Изготовление графического органайзера по тексту, видеофильмов для визуалов;
- Устный доклад по тексту, аудио-видеофильмов для аудитов;
- Подготовка для кинестетиков сценических представлений или ролевых игр по текстовой линии и др.;

Дифференцированное обучение по результатам - важно разнообразить задания для обучающихся, мотивировать и в течение всего урока – стимулировать, развивая таким образом, интерес в процессе обучения, вовлекая всех в учебный процесс и организовывать живое общение в микрогруппе

Существуют различные подходы и стратегии дифференцированного обучения, но его выбор и эффективное использование зависит от мастерства учителя. В процессе обучения использую дифференцированную оценку знаний обучающихся в стобалльной системе:

- 50 баллов обучающиеся получают, за то, что пришли на занятие, за то, что слушали, и за то, что записывали в тетрадях важную информацию (краткий конспект) по теме. В результате каждый из обучающихся получает оценку знаний в 50% т.е. 50 баллов;

- Далее, чтобы получить более высокий балл, необходимо участие в беседе (по 10 баллов), обсуждение новой темы (по 10 баллов) в течение всего занятия, чем активнее обучающийся участвует в процессе, чем больше баллов он зарабатывает.

- Высокий балл (90-100 баллов) можно получить за творческий подход к новой теме, за очень активное участие, за интересную информацию, соответствующей теме урока, за умение работать по карте, консультировать товарищей во время урока и др.

При таком подходе возможно одновременно проводить и индивидуальную работу, и групповую, и работу в микрогруппах, и работу в парах. В результате, каждый из присутствующих может сам оценить свои знания и умения, полученные в процессе обучения, роль учителя сводится к умелой организации всего учебного процесса

В итоге, в процессе обучения, используя мотивацию, получаю своевременную обратную связь и самооценивание своих знаний обучающимися по заданным изначально критериям оценивания.

Учебная среда. Благоприятные условия обучения состоят из физических и психологических элементов комфорта. Одним из гибких способов организации учебной среды является обеспечение комфортным учебным оборудованием (ТСО) для проведения индивидуальной и групповой работы. Психологически говоря, учителя должны организовать учебный процесс, обеспечивающий безопасную и удобную учебную среду в классе.

Примеры дифференцированного обучения по учебной среде:

- Группировка учащихся в малые учебные группы (микрогруппы) для обсуждения вопроса;
- Организация индивидуального обучения по желанию обучающихся.

Для обеспечения эффективного обучения необходимо вовлечь всех обучающихся в процесс обучения. Дифференцированное обучение требует много времени при планировании урока и требует тщательного подхода.

Предложила свой метод дифференцированного обучения на курсах по образовательной программе повышения квалификации преподавателей колледжей по общеобразовательной дисциплине «География» в рамках обновления содержания среднего образования. Метод был одобрен руководителем курса и курсантами, и поступило предложение – поделиться опытом с молодыми педагогами. А также провожу практические семинары в «Школе молодого преподавателя» в родном колледже, в Алматинском государственном бизнес колледже

Использованная литература:

1. Флеминг, Нил; Бауме, Дэвид (ноябрь 2006 г.). «И снова стили обучения: варкировать правильное дерево!»
2. Tomlinson Carol A. Deciding to differentiate instruction in middle school: One school's journey. Gifted Child Quarterly, 1995.

3. Tomlinson Carol A. How to differentiate instruction in mixed-ability classrooms / Carol Ann Tomlinson-2nd ed. by the Association for Supervision and Curriculum Development (ASCD), 2001.

Ссылка:

1. Презентация «Дифференцированное обучение» Оразбековой С.Т.:
2. https://docs.google.com/presentation/d/1cRLpjVM35-HV0kfUoeSR8dnkFW2L_bca/edit?usp=sharing&oid=113209766297841716181&rtpof=true&sd=true
3. Кэрл Анна Томлинсон
<https://www.readingrockets.org/article/what-differentiated-instruction>
4. Презентация «Дифференцированное обучение» Оразбековой С.Т.:
5. КСП Оразбековой С.Т.
https://docs.google.com/presentation/d/1ebSNT_V26YfYC3pmm_ggSlbab9XR39yh/edit?usp=sharing&oid=113209766297841716181&rtpof=true&sd=true

МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУДЫ ТИІМДІ ЖҮРГІЗУДІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА ӘСЕРІ

Нургуль Кабдырейм,
Сұңқар орта мектебі директорының
әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары,
Жамбыл ауданы, Алматы облысы

Аңдатпа

Мақалада мектепшілік бақылауды тиімді жүргізу мәселесі қарастырылады. Қазіргі заман талабына сай білім алушылардың бойына білімнің басты құндылықтарын қалыптастыруға негіз болатын әдіс-тәсілдер мен тапсырмаларды барынша ұтымды ұйымдастыру қарастырылған. Зерттеудің негізгі мазмұны білім алушылардың қажеттіліктеріне сай білім берудің практикалық әдістерін зерделеген. Бүгінгі білім берудің басты тренді – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін математика пәнінен нақты дәлелдеме келтіре отырып, мұғалімдердің пәндік құзыреттіліктерін дамытып, кәсіби өсуіне ықпал жасауға болатынын көрсеткен. Жүйелі жүргізілген жұмыс нәтижесінде білім беру ұйымдарының мектепшілік бақылауда пәндердің талапқа сай оқытылуын нақты бақылауға алуға және пән мұғалімдеріне өз сабақтарына тереңірек үңіліп, білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға болады деп санайды.

Түйін сөз: білім берудің тренді, басты құндылық, пәндік құзыреттілік, кәсіби даму

Мектепшілік бақылау түрлерінің бірі – білім сапасын арттыруға бағытталған сабақ берудің теориялық әдістемелік деңгейін бақылау. Қазіргі кезде ұстаздардың алдына қойылып отырған міндет – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық инновациялық технологияларды меңгеру. Инновация бірнеше өзекті мәселе түйіліскенде пайда болады да, жаңа мақсатты шешуге бағытталады, сөйтіп педагогикалық үдерістерді үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Менің ойымша, бүгінгі күннің инновациясы, тренді – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Мектепшілік бақылаудың «Білім беру ұйымының педагогіне практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын дайындау және өткізу» бөлімінде мұғалімдердің оқу мақсатына сай тапсырмаларды тиімді саралауы, сауаттылық тапсырмаларын оның ішінде биылғы жылға 8-9 сыныптарда *PISA* тапсырмаларымен 4, 8 сыныптарда оқушыларының жаратылыстану және математикалық деңгейін бағалайтын халықаралық *TIMSS* тапсырмаларымен 4-сынып оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру деңгейін анықтайтын *PIRLS* тапсырмаларымен жұмысы бақыланды. [Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда,

қайырымы қайтпаса.] – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қайырымы қайтатын функционалдық сауаттылығы қалыптасқан бүгінгі күннің талабына сай тұлғаны қалай тәрбиелей аламыз?

Осы бағыттарды бақылауда 8-9 сыныптардағы ПИЗА зерттеуі тапсырмаларымен дайындық жұмыстары барысында мен педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастырған «Оқушылардың математикалық және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» және Білім орталығы ұйымдастырған пиза зерттеуі аясында «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған кәсіби педагогикалық құзыреттіліктерді дамыту» курсын аяқтаған математика пәні мұғалімі ретінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған «Пиза зерттеуі» тапсырмаларына талдау жасадым. Өйткені, функционалдық сауаттылық тапсырмаларының оның ішінде пиза зерттеуіне бағытталған тапсырмалардың қолданылуын бақылау үшін өзіміз сауаттылық тапсырмаларымен жұмыс жүргізуде оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы тапсырмаларының қандай мазмұндармен байланысатынын, және сол мазмұндағы тапсырмаларды орындау арқылы білім алушыларда қандай құзыреттіліктер мен дағдылар қалыптасатындығын білуіміз керек.

Математикалық сауаттылықтың пиза зерттеуіне бағытталған тапсырмалары төрт мазмұндық бөлікке бөлінеді, олар «Мөлшер», «Кеңестік пен пішін», «Өзгерістер мен қатынастар», «Анықталмағандық пен деректер». Осы мазмұндық бөліктердегі есептердің әрқайсы да оқушының «Қарапайым математикалық амалдар, әдістер мен процедураларды қолдану» құзыреттілігіне қалыптастырудан басталып, кеңестік пен пішін, өзгерістер мен қатынастар мазмұндық бөлігінің есептері «Стандарт есептерді шығарудағы мәліметтер арасында байланыс орнату» құзыреттілігіне, анықтамалықтар мен деректер мазмұндық бөліктері «Пайымдау» құзыреттілігіне яғни ол математикалық дағдының кең ауқымы математикалық сауаттылықтың жоғары деңгейіне бағытталған. «Мөлшер» мазмұнына сандардың мөлшер мазмұнын сипаттауда қолданылатындығын, кесіндінің ұзындығы, тауардың құны, көліктің жылдамдығы, адамның жасы, заттардың массасы барлығының да сандық мәні бар. осыған байланысты тапсырмаларда көбінесе сандар тізбегіндегі заңдылықтарды тану, объектілердің сандық белгілерін көрсету үшін сандар қолданылады және осы мазмұндағы есептерге қандай да бір шаманың мәнін формуланың орнына қойып табу, сандар тізбегіндегі заңдылықтарды табу, пайыздар, пропорцияға байланысты қарапайым математикалық амалдар қолданылады.

Кеңестік пен пішін мазмұндық бөліктері бойынша білім алушы тек геометриялық есептерді шығарып қана қоймай, математикалық құралдарды қолдана білуі және фигураларды ойша бейнелей білуге, теріс және бейтаныс пішіндер мен объектілерді формулалар мен құралдар қолдануға келетін таныс пішіндер мен объектілерге бөлу арқылы есептеуге үйренуі тиіс. Осылайша, білім алушы стандартты есептер шығаруда берілген мәліметтер мен ізделінді мәліметтер арасында байланыс орната алуға дағдаланады.

Өзгерістер мен қатынастар мазмұндық бөліктері бойынша білім алушылар құбылыстардың қасиеттерін сипаттайтын және сол арқылы қоршаған ортаны ұғынуда және оны өзгертуде математиканың рөлін түсінуге ықпал ететін өзара байланысты математикалық түсініктерді білуі тиіс. Осы арқылы нақты процестердің графиктерін қолдана отырып, шамалар арасындағы байланысты табу және зерттеу дағдылары қалыптасады. Бұл мазмұнда функциялар, теңдеулер мен теңсіздіктер, координаталар жүйесі, сызықтық және сызықтық емес өсулерге байланысты есептер болады.

Анықталмағандық пен деректер мазмұндық бөліктері бойынша білім алушылар ықтималдық және статистикалық құбылыстар мен тәуелділіктерді, кездейсоқ оқиғалар, кездейсоқ ауытқулар, оқиғалардың жиілігі туралы білуі тиіс. Бұл мазмұндық бөліктер арқылы білім алушыларда есеп шартындағы мәліметтер арасында байланыс орнатады және пайымдауға, өз түсініктерін дәлелді түрде көрсетуге дағдыланады.

Математикалық сауаттылық тапсырмалары бір жағдайға қатысты әртүрлі типті бірнеше сұрақтан құрастырылады, сонымен қатар тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай деңгейленіп берілуі тиіс.

Жаратылыстану сауаттылығы бойынша тапсырмалар химия, биология, география, физика пәндерінен болады. Мазмұндық бөліктері биологиядан: ағзадағы сипаттамалар мен тіршілік процестері, жасушалар мен оның функциялары, ағзадағы тіршілік циклдары, көбею және тұқым

қуалаушылық, бейімділік және табиғи сұрыптау, адам және оның денсаулығы, экожүйелер, әртүрлілік бөліктерін қамтыса;

Химиядан заттардың құрылымы және оның жіктелуі, заттардың қасиеттері, химиялық процестер;

Географиядан жердің құрылысы және оның физикалық сипаттамасы, жергілікті процестер, тарих және циклдар, жер ресурстары мен қоршаған ортаны қорғау;

Физикадан зат алмасудағы өзгерістер және физикалық жағдайы, энергия көздері, жылу құбылыстары, жарықтық және магниттік құбылыстар, күш және қозғалыс мазмұндық бөліктерін қамтиды. Осы мазмұндық бөліктер бойынша білім алушыларда: құбылыстарды түсіндіру үшін тиісті жаратылыстану-ғылыми білімін қолдануы, түсініктерді танып-білу, пайымдау және құрастыру, болжамдар жасау, ғылыми деректердің сенімділігін, анықтығын қамтамасыз ету, деректерді талдау, сәйкестендіру, түсіндіру, қорытынды жасау. Ғылыми мәтіндердегі ұйғарым, дәлел және талқылауды айыра білу және оларды ғылыми көзқарас тұрғысынан бағалай білуі дағдыларының қалыптасуына ықпал ету керек.

Оқу сауаттылығы бойынша мазмұндық бөліктер тұтас мәтін, тұтас емес мәтін, аралас мәтін, құрамды мәтінді қамтиды. Тұтас мәтінмен жұмыс жасағанда оқушы ондағы ақпараттарды тауып, оның негізгі идеясын біліп, мәтіндегі ақпаратпен өзінің күнделікті тәжірибесімен байланыстыра алады. Тұтас емес мәтіннен мәтіннің шағын бөлігенен-ақ мәтіннің мән-мағнасын түсінеді, өз тәжірибесі мен көзқарасына сүйене отырып байланыс орнатады. Аралас мәтінде мәтіннің бөліктері арасында байланыстар орнатады. Пайымдау тапсырмалары арасында негізгі идеяны анықтап, мәтіннің бірнеше бөлігін интерпретациялайды және салыстырады. Құрамдас мәтінде мәтіннің мазмұны немесе формасы бойынша рефлексия жасау және мәтінді бағалау құзыреттіліктері қалыптасады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін мұғалімдер тапсырмаларды жоғардағы айтылған мазмұндық бөліктерге сай саралап, құзыреттіліктермен байланыстырып отырса, оқушының нақты қандай мазмұндық бөліктерден қателер жіберетінін және соған байланысты қандай дағдыларына қолдау көрсету керек екенін анықтау қиын емес. Әр мазмұндық бөліктердің тапсырмалары өз алдына қиындық деңгейлері бар. Олар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын 6 деңгейі делініп:

- бірінші деңгей ең төменгі деңгей;
- екінші деңгей шекті деңгей, бұл деңгейде оқушылар білім мен дағдыларын оқудан тыс жерде қарапайым жағдаяттарда пайдаланады;
- үшінші деңгейде оқушы білім мен дағдыларын күнделікті таныс жағдаятта пайдаланады;
- Төртінші деңгейде алған білімдері мен қалыптасқан дағдыларын жаңа ақпараттар алу үшін пайдаланады;
- Бесінші, алтыншы деңгейде өз ойын анық жеткізу үшін күрделі жағдаяттарда шешім қабылдайды.

Бастауыш сыныптардағы мәтінмен жұмыста оқушылар «Анық» түрде берілген ақпараттарды тауып, мәтіннің мазмұнын қорытып, кейіпкерлердің негізгі сипаттамаларын айта алағанымен олардың ниеттері мен сезімдерін түсіндіруде; мәтіннен мысалдар келтіру арқылы жауаптарын негіздеуде; мәтін мазмұнына қатысты өздері бір-біріне сұрақтар қоюда; мәтіннің әр бөлігінен алған күрделі ақпараттарды тану мен дәлелдеуде; карталар, иллюстрациялар, сызбалар мен фотосуреттер ішіндегі материалдар негізінде әртүрлі мәтіндерден ақпараттар жинаудан қиналатындығы анық. Ал оқу дағдыларының нормаларын тексеруде оқушылар міндетті деңгейге жеткенімен кейбір оқушылардың мәтінді түсініп оқу деңгейі төмен болатыны белгілі. Егер бастауыш сыныптардағы мәтінмен жұмыстарды талдауда осы мәселелер көрініс тапса оқушыларда оқу сауаттылығына бағытталған оқылым дағдысы қалыптасар еді.

Функционалдық сауаттылық тапсырмалары ашық және жабық типтегі тапсырмалар болып бөлінеді. Ашық типтегі тапсырмалар: қысқа жауап, ашық жауап, бос орынды толтыру. Жабық типтегі тапсырмалар бір дұрыс жауабы бар, бірнеше дұрыс жауабы бар, тұжырымның дұрыстығын анықтау (иә, жоқ), сәйкестікті анықтау, дұрыс тізбекті анықтау тапсырмалары. Сонымен, мұғалімдер сауаттылық тапсырмаларымен жұмыс жасауда тапсырмаларды нақты деңгейлеп, тапсырма типіне, мазмұндық бөліктеріне сай талдап, саралап қолданса, оқушының дағдысы да

соған сай қалыптасатыны анық. Сондықтан мектепшілік бақылауда осы мәселелерге баса назар аударып, директор жанындағы отырыста қаралып, нақты шешім қабылдап отырса, мұғалімде де дағды қалыптасып, өз құзыреттіліктерін шындай түседі деп ойлаймын.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалық сауаттылығын дамыту – білім сапасын емес алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдану деңгейін бағалайтындықтан мұғалімдер әр пән бойынша тақырыпты өткен кезде сол тақырыппен, сол оқу мақсатымен байланысатын сауаттылық тапсырмаларын қолданып отырса, оқушы бойында соған сай құзыреттілік, дағды қалыптасып отырады. Және ең маңыздысы оқушының оқу сауаттылығына баса назар аударған жөн, өйткені қай сауаттылық болса да тапсырманың шарты мен қорытындысы арасындағы байланысты түсінуі тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Bilim center сайтындағы «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған кәсіби педагогикалық құзыреттіліктерді дамыту» материалдары. 2021 ж.

2. Е.Н. Иманғалиев «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» /Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. 2012ж. №9/.

ОРГАНИЗАЦИЯ ЭФФЕКТИВНОГО ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

Болатбекова Балжан Садыковна,
магистр прикладной математики и информатики,
учитель-преподаватель
Республиканского колледжа спорта г. Алматы

Онлайн образование растет и очень быстро. Интернет стал важным участником образовательного процесса еще в начале 2000-х, а сегодня редкий учитель или школьник совсем не использует технологии в обучении. Мы общаемся с коллегами, учениками и их родителями в мессенджерах, пользуемся электронным журналом, ищем дополнительные материалы в интернете.

В наши дни все большую популярность получает дистанционное обучение, повышает актуальность проблемы разработки частных методик применения технических средств обучения. Это обусловлено прежде всего, противоречиями между традиционной и дистанционной формами обучения.

Дистанционное обучение понимают, как совокупность технологий, обеспечивающих доставку обучаемым основного объема изучаемого материала, интерактивное взаимодействие обучаемых и преподавателей в процессе обучения, предоставление обучаемым возможности самостоятельной работы по освоению изучаемого материала, а также в процессе обучения [1].

Дистанционное обучение - тип обучения, основанный на образовательном взаимодействии удаленных друг от друга педагогов и учащихся, реализующийся с помощью телекоммуникационных технологий и ресурсов сети Интернет. Дистанционное обучение - взаимодействие учителя и учащихся между собой на расстоянии, отражающее все присущие учебному процессу компоненты (цели, содержание, методы, организационные формы, средства обучения) и реализуемые специфичными средствами интернет-технологий или другими средствами, предусматривающими интерактивность [2].

Возникновение дистанционного обучения повлекло за собой потребность разработки и внедрения дистанционных образовательных технологий. «Под дистанционными образовательными технологиями понимаются образовательные технологии, реализуемые в основном с применением информационных и телекоммуникационных технологий при опосредованном (на расстоянии) или не полностью опосредованном взаимодействии обучающегося и педагогического работника» [3].

На сегодняшний день Республиканский колледж спорта пользуется информационными системами, такие как например, в колледже **Bilim.kzParagraph**, в школе **Kundelik.kz**.

Основная платформа для организации дистанционного обучения в школе - **Kundelik.kz**.

Материалы уроков выставлены в соответствии с утвержденным расписанием, расположенном на платформе Kundelik.kz.

В файлах, прикрепленных к материалам урока, имеется единая структура: материалы для изучения новой темы: файл с теоретическим материалом по теме + файл с наглядным материалом (презентация, видео, аудио, ссылки на др. платформы и т.д.); Также используется платформа Google Classroom. **Google Класс** — бесплатный веб-сервис, разработанный [Google](#) для школ, который призван упростить создание, распространение и оценку заданий безбумажным способом. Основная цель Google Класс — упростить процесс обмена файлами между учителями и учениками. Google Класс сочетает в себе [Google Диск](#) для создания и распространения заданий, набор сервисов Google для создания документов, презентаций и электронных таблиц, [Gmail](#) для общения и [Календарь Google](#) для планирования.

Важный аспект дистанционного обучения – сохранение коммуникации между участниками учебного процесса. Для обеспечения данной задачи используются современные телекоммуникационные технологии. Если используется **методика синхронного дистанционного обучения**, то преподаватель и его ученики общаются онлайн, т.е., преподаватель планирует урок в ZOOM-приложении. Если же применяется **методика асинхронного дистанционного обучения**, то общение между учеником и преподавателем уже происходит офлайн, то есть посредством отправки электронных писем на электронную почту, чаты как WhatsApp, Telegram.

Как известно, урок в асинхронном формате реализуется при взаимодействии учителя с обучающимися посредством возможностей интернет-платформ. Учебные задания к уроку разрабатываются педагогом с учетом возможностей интернета. К ним относятся цифровые образовательные ресурсы, включающие электронные учебники, видеоматериалы, тренажеры для отработки умений, ресурсы для контроля знаний и многое другое. «При разработке и реализации краткосрочного плана урока педагогу в зависимости от учебной цели необходимо рационально распределять содержание и время для синхронной и асинхронной части урока. В случаях возникновения технических проблем и невозможности прямой трансляции педагог переводит урок на асинхронный формат»

К сегодняшнему дню разработано большое количество видеокурсов и видео уроков для педагогов по работе с цифровыми ресурсами МОН, которые пользуют педагоги на занятиях.

Из своего опыта для повышения качества проведения уроков, использую различные Интернет-ресурсы как Learningapps.org, Bilim.kz, онлайн-тесты.

Например, на уроках информатики задаю тематические интерактивные упражнения, ссылаясь на следующие ссылки:

<http://learningapps.org/301069>


<http://learningapps.org/256087>

<http://learningapps.org/223974>

LearningApps.org – это приложение для поддержки учебного процесса с помощью интерактивных модулей (приложений, упражнений). Данный онлайн-сервис позволяет создавать такие модули, сохранять и использовать их, обеспечивать свободный обмен ими между педагогами, организовывать работу обучающихся (в том числе, и по созданию новых модулей).



Также онлайн-тесты задаю, например ответ учащегося




Основная платформа для организации дистанционного обучения в колледже для студентов и преподавателей – ПАРАГРАФ BILIM.

ПАРАГРАФ BILIM – это эффективный контроль системы образования, цифровизация и автоматизация учебного процесса, мониторинг обучения и деятельности контингента учащихся и сотрудников для учреждений технического и профессионального образования (ТиПО).

Преимущества для учебных заведений


Получение общей актуальной и достоверной информации, а также выявление проблем внутри колледжа:

- учебный процесс, контингент учащихся, сотрудников
- Автоматизация учебного процесса
- учебный курс, академический календарь, электронная картотека учащихся и сотрудников;
- внутренний документооборот, учебно-методические и практические материалы, нормативная правовая информация, электронные библиотеки и архив необходимых документов для образовательных процессов;
- приемная комиссия;
- внутренний чат для обмена мнениями и поддержки постоянной связи всех пользователей платформы,





Преимущества для учащихся

- Онлайн-журнал учащегося: посещаемость, успеваемость, расписание занятий и экзаменов
- Получение информации о качестве обучения, уровне преподавания.
- Результаты текущей и итоговой аттестации
- Электронный документооборот с преподавателем в системе
- Загрузка и выгрузка учебных материалов, «силлабус»
- Дистанционное обучение (текущие и дополнительные учебные материалы)
- Доступ к базе данных ИС § «Параграф Работа». Статистические данные по динамике трудоустройства



На занятиях использую видео уроки, презентации, флипчарты ActivInspire. Например:



Использованная литература:

1. Компьютерные телекоммуникации – школе / Е.С. Полат и др. М., 1995.
2. Проблемы информатизации высшей школы/ Гос. НИИ системной интеграции. Вып. 3-М., 1995 г.
3. Абдуллаев С. Г. Оценка эффективности системы дистанционного обучения // Телекоммуникации и информатизация образования. – 2007. - N 3. - С. 85-92.
4. Авраамов Ю. С. Практика формирования информационно-образовательной среды на основе дистанционных технологий // Телекоммуникации и информатизация образования. – 2004. - N 2. - С. 40-42.
5. Балашова Ю. В. Особенности личностного развития студентов при дневном и дистанционном обучении // Среднее профессиональное образование. - 2009. - N 6. - С. 74-75.
6. Боброва И. И. Методика использования электронных учебно-методических комплексов как способ перехода к дистанционному обучению // Информатика и образование. - 2009. - N 11. - С. 124-125.
7. Закон «ОБ образовании» РФ № 3266-1. Ст. 32 <http://ru.wikipedia.org> (дата обращения. 25.12.11).

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ТЕХНИКАСЫН ДАМУ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ ОҚУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Касымбекова Махаббат Мухаметкалиевна,
Әбілхан Қастеев атындағы орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі
Жетісу облысы, Панфилов ауданы

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде оқу техникасын дамыту – бұл білім алушылардың оқу іс-әрекетінің даусыз құрамдас бөлігі және білім алудың қажетті құралы болып табылады.

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында бастауыш мектепте функционалдық сауаттылық негізінде құрылған тілдік, сөйлеу, коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған жаңа талаптар қойылады. Оқушылардың сөйлеуді меңгеруі, оны әртүрлі жағдайларда қолдана білу нәтижелі жұмыс істеуге, ынтымақтасуға, ақпарат алуға және алмасуға, маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Біз ақпараттық технологиялар ғасырында өмір сүріп жатырмыз, онда ақпарат көлемі үздіксіз артып отырады және онымен жұмыс істеу қабілетіміз өзгеріссіз қалады. Сондықтан, бүгінгі күні ақпаратты тез және сапалы игеру мүмкіндігі өзекті болып отыр, өйткені оқушы оны оқығанын қабылдауға және түсінуге үйренгеннен кейін ғана үйрете аламыз. *Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына* сәйкес білім берудің негізгі нәтижелерінің бірі – оқу қабілеті. Осыған сүйене отырып, оқушылардың оқу қабілетінің негіздерін және олардың қызметін ұйымдастыра білу қабілетін қалыптастыруға баса назар аударылады. Бұл бастауыш сынып оқушысына өз бетінше жаңа білім алуға мүмкіндік беретін және болашақта оқудың келесі кезеңдерінде өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі тәрбиелеуге негіз болатын оқу дағдылары болып табылады. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімінің басты міндеті: әрбір бастауыш сынып оқушысы берік және толыққанды оқу дағдыларын игеруі керек.

Қазіргі таңда кейбір оқушылардың әрең оқитынына ешкім таласа қоймас. Бастауыш мектептегі көп жылдық тәжірибемді талдай отырып, оқушылардың оқу жылдамдығы төмен екенін атап өткім келеді және де олар көптеген қателіктер жібереді: әріптерді, буындарды өткізіп жіберу, сөзді аяқтамай бұрмалау, оларды оқымау, бұл көп жағдайда оқуды түсінуді қиындатады. Сондықтан, оқу жылдамдығының дамуына кедергі келтіретін факторларды талдап, зерттеп, оларды жеңудің жолдарын табу керек. Осы кемшіліктердің барлығын жоюға жылдам оқуға үйрету технологияларын енгізу толығымен ықпал етеді. Жылдам оқу - бұл үлкен мәтіндік көлемді ақпаратты жылдам меңгеру ғана емес. Ең бастысы, тез оқылатын мәтінді меңгеріп, түсініп, қайталап айтуға болады.

Егер мектеп оқушыларының оқу жылдамдығы төмен болса, оқу кезінде қателіктер жібереді: әріптерді, буындарды өткізіп жібереді, ауыстырады, қайта орналастырады, жалғауларды бұрмалайды, оқуды аяқтамайды, сөздердің дыбыстық құрамын бұрмалайды және буындарда қиындықтарға тап болады, онда көп жағдайда бәрі балалардың оқығанын түсінуі қиынға соғады. Осыған байланысты оқу проблемаларына назар аудардым және оқудың бастапқы кезеңінде оқу дағдыларын жылдам оқуды меңгеру процесіне түзетулер енгізуге ұмтылдым. Ол үшін мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ), атап айтқанда оқытудың интерактивті әдістерін (презентацияларды, аудио және бейне) қолдана отырып, сабақта және сабақтан тыс жұмыстарға арналған электронды оқулық құрдым (1 -сурет). Бұл электронды әзірлеменің негізгі мақсаты жылдам оқуды тиімді оқытуға жағдай жасау. Олардың бір-бірімен қарым-қатынасында танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Міндеті:

1. Оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін ашуға қолайлы жағдай жасау.
2. Басқа тапсырмаға ауыса отырып, елестету, қабылдау, жұмыс істеу және демалу дағдыларын дамыту.

3. Жылдам оқуда практикалық дағдыларды, ақыл-ой және психологиялық белсенділікті, есте сақтау қабілетін дамыту дағдыларын жалпылай білуді қалыптастыру.
4. Зейіннің шоғырлануын дамыту.
5. Оқу (мектеп) тиімділігін, табысқа жету және өзіне деген сенімділігін арттыру.
6. Есту және көру есте сақтау қабілетін дамыту.
7. Дұрыс, саналы оқуға дағдыландыру.
8. Логикалық ойлауын, сөйлеуін дамыту.
9. Оқуға тұрақты қызығушылықты қалыптастыру



1 сурет. «Жылдам оқу» электронды оқулығы

«Жылдам оқу» электронды әдістемелік оқулық жаттығулары әр сабақта да, дербес сабақ ретінде де жүргізіледі және әртүрлі бағыттағы жаттығуларды қамтиды: анаграммалар, мәтінмен жұмыс, оқу техникасын жаттықтыру, есту есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығу, дауысты дыбыссыз мәтінді оқу.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқыту мазмұнының байлығын және сабақта білім алушылардың іс-әрекетінің алуан түрлілігін қамтамасыз етеді, сабақтарды қызықты етуге мүмкіндік береді, білім алушылардың пәнді оқуға деген ынтасын арттырады. АКТ зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, жаңа білімді өз бетінше игеру қабілетін дамытуға мүмкіндік береді, тұлғаға бағдарланған тәсілді қамтамасыз етеді. Ақпараттық технологияларды қолдану балалардың оқу мотивациясын арттыруға көмектеседі.

Бастауыш мектептегі сабақтарда АКТ қолдану оқушыларға қоршаған әлемнің ақпараттық ағындарын шарлауға, ақпаратпен жұмыс істеудің практикалық тәсілдерін игеруге, заманауи техникалық құралдардың көмегімен ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Ақпараттық технологияларды қолданатын сабақтар алған білімдерін кеңейтіп, бекітіп қана қоймай, оқушылардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін едәуір арттырады. Бастауыш сынып оқушысының қиялы мен өзін дәлелдеуге деген ұмтылысы үлкен болғандықтан, оны өз ойларын, соның ішінде ақпараттық технологиялардың көмегімен мүмкіндігінше жиі айтуға үйреткен жөн. Бастауыш мектепте сабақтарда ақпараттық технологияларды қолдану кез-келген оқушыға өзін көрсетуге мүмкіндік береді. Осылайша, жылдам оқу, психикалық процестердің бүкіл блогын дамытуға мүмкіндік беретін ақыл-ой әрекетінің жалғыз түрі.

Менің педагогикалық қоржынымда оқуды үйретуде тиімділікке жету үшін әзірленген әдістер мен жаттығулар бар. Мен өз сабақтарымда оқушылардың есте сақтау және жылдам оқуды дамыту мақсатында осы әзірлемелерді қолданамын.



Цифрлық сауаттылық Цифровая грамотность



ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА САРАЛАНҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Касенова Мөлдір Амангелдіқызы,
Нұрмолда Алдабергенов атындағы орта мектептің
информатика пәні мұғалімі
Көксу ауданы, Жетісу облысы

Информатика пәнінен оқу бағадрамасында көрсетілген «Компьютерлік желілер» бөлімінде оқу мақсаттарын негізге алып, сынып оқушыларына сараланған тапсырмалар арқылы білім беру ұтымды болды.

Саралап оқыту әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес тапсырма мен нұсқауларды материал мен әдіс-тәсілдерді іріктеп қолдану процесі. Бұл оқушылардың оқуға ынтасын арттырады, сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Жалпы саралап оқытудың екі түрлері бар. Олар: сыртқы және ішкі (сыныпшылық) саралау.

Компьютерлік желілер бөліміне берілген оқу мақсаттарын жүзеге асыру барысында оқушылар 5-6 сыныптарда жалпы компьютерлік желілер ортақ файлдарға қолданудағы қолжетімділікті орнату, оларды редакциялау, кез келген файлдарды жүктеу туралы білім алады. Сымсыз байланыс желілерінің артықшылықтарын түсініп, практикада орындауды біледі.

Бұл мақалада 7, 8 сынып оқушыларына информатика пәнінен білім беруде саралап оқыту жүйесін қолдану арқылы ақпараттың жүйелілігі мен бірізділігін көруге болады.

7 сыныпта компьютерлік желілері төмендегідей жіктеледі:

- Аумақтық таралуына қарай (масштабы);
- Тиістілігіне қарай;
- Деректерді тасымалдау жылдамдығына қарай;
- Деректерді тарату ортасына қарай (типтері).

Аумақтық таралуына қарай (масштабы) бөлінуі:

1. PAN (Personal Area Network) – персоналды желі, бір иегерге тиесілі түрлі құрылғылардың өзара әрекеттесуі үшін қажет.

2. LAN (Local Area Network) – жергілікті желі, кішкене офистан жүздеген гектар аймақты алатын үлкен зауыт деңгейіндегі желі.

3. CAN (Campus Area Network) – кампустық желі жақын орналасқан ғимараттардың жергілікті желілерін біріктіреді.

4. MAN (Metropolitan Area Network) – бір немесе бірнеше қала ішіндегі мекемелер арасындағы қалалық желілер, көптеген жергілікті желілерді байланыстырады.

5. WAN (Wide Area Network) – глобалды желі, үлкен географиялық аймақтарды алатын. Мысалы, Бүкіл әлемдік – интернет.

Тиістілігіне қарай 2-ге бөлінеді:

- ведомстволық желілер – бір ұйым мен мекемеге тиісті желі. Мысалы, Аэропорт кассалары, банкоматтар, т.б.

- мемлекеттік желілер – мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тиісті желі. Мысалы, ҰҚК, Кеден қызметі, ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты желілер.

Деректерді тасымалдау жылдамдығына қарай 4-ке бөлінеді:

- Төмен жылдамдықта 10Мбит/с-қа дейін;
- Орташа жылдамдықта 100Мбит/с-қа дейін;
- Жоғары жылдамдықта 1Гбит/с-қа дейін;
- Өте жоғары жылдамдықта 10Гбит/с-қа дейін

Деректерді тарату ортасына қарай 2-ге бөлінеді.

-Кабельдік арналар немесе сымды байланыс түрлері:

- **Сымсыз арналар немесе сымсыз байланыс** (Wi-fi- Wireless Fidelity, радиобайланыс, WiMAX, Bluetooth).

Сымсыз байланыстың 4 түрі. Олар:

-радиобайланыс 100м қашықтыққа таралатын (жылдамдығы 11-54Мбит/с, сигнал бірден бірнеше жиілікте беріледі),

-қысқатолқынды (инфрақызыл сәулелену, жылдамдығы 5-10 Мбит/с,

-кең жолақты және спутниктік байланыс),

-инфрақызыл лазерлер (100 Мбит/с, когерентті жарық сәулелері арқылы беріледі).

7-сыныпта компьютерлік желілердің жіктелуі туралы кеңінен білім алады. Алған білімдерін өзара бөлісуге, жұптық, топтық талдау жүргізу арқылы бір шешімге келеді. Тірек сызбалар арқылы компьютердің желілерінің қызметін ажыратады. Ойлау деңгейінің түсіну, қолдану, талдау дағдысы қалыптасады.

8-сыныпта желінің өткізу қабілетінің өлшем бірліктерін анықтайды, оларға есептер шығарады. Желінің өткізу қабілетін есептеу үшін: білім алушылар тасымалданған ақпарат көлемін $V=q*t$, тасымалдауға кеткен уақыт $t=V/q$, желінің тасымалдау жылдамдығы $q=V/t$ формулалармен есептер шығарады. Ойлау, қолдану, жинақтау дағдысы қалыптасады.

Осы формулаларды қолданып, төмендегідей есептерді шығаруға болады.

№1 есеп. 15 000 бит/с жылдамдықпен 3 секунд ішінде қандай ақпарат көлемін тасымалдауға болады?

Берілгені:

$$q=15\,000\text{ бит/с}$$

$$t=3\text{ сек}$$

тасымалданған ақпарат көлемін табу керек $V=?$ $V=q*t$

Шешуі:

$$V=15000\text{ бит/сек} * 3\text{ сек} = 50000\text{ бит} - \text{тасымалданған ақпарат көлемі.}$$

Түрлендіріп бірнеше дұрыс нұсқа жасауға болады. 50000 бит, 8 бөлу арқылы 6250 байт, 1024 бөлу арқылы 0,61 Кбайт.

№2 есеп. Өлшемі 1 Гбайт файлды 655360 байт/с жылдамдықпен қанша уақыт ішінде тасымалдауға болады?

Берілгені:

$$V=1\text{ Гб}$$

$$q=655360\text{ байт/с}$$

тасымалдауға кеткен уақытты табу керек $t=?$ $t=V/q$

Шешуі:

$$V=1*1024(\text{Мбайт})*1024(\text{Кбайт})*1024=1073747824\text{ байт}$$

$$t=1073747824\text{ байт} / 655360\text{ байт/с} = 16384,4\text{ с}$$

Жауабы: 16384,4 с

№3 есеп. Өлшемі 1687,5 Кбайт файл 5 минутта тасымалданды. Желінің тасымалдау жылдамдығын анықта.

Берілгені:

$$V=1687,5\text{ Кбайт}$$

$$t=5\text{ мин}*60=300\text{сек}$$

желінің тасымалдау жылдамдығын табу керек $q=?$ $q=V/t$

$$V=1687,5\text{Кбайт}*1024(\text{байт})*8(\text{бит})=13824000\text{ бит}$$

$$q=13824000\text{ бит} / 300\text{ сек} = 46080\text{ бит/сек}$$

жауабы: 46080 бит/сек

Информатика пәнін оқытуда нақты, түсінікті, оқушыларға қолжетімді білім беру арқылы олардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуға болады. Оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, жас ерекшеліктерінің сыни ойлауын дамытуда тапсырмаларды, ақпарат мазмұнын саралау тиімді. Білім алушылар сабақта алған ақпараттарын практикада, өмірде қолдануға қалыптасады.

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – БҮГІНГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бексегова Эльмира Өмірбайқызы,
Кайнар орта мектебі
Қарасай ауданы, Алматы облысы

*«...бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын,
жазсын, оқысын, тілге үйренсін».*
Ж. Аймауытов

Адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникативтік технологияларды кеңінен қолданысқа енгізіп, саналы ұрпақ дайындау, ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. ХХІ ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып отыр. Келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру басты міндет. 2022 жылдың қаңтар айынан бастап қазақстандық мектептерде бірінші сынып оқушылары цифрлық сауатын аша бастады. Бұған дейін білім алушыларға үшінші сыныптан бастап «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні оқытылған болса, үшінші тоқсанда оқу бағдарламасына алғаш рет «Цифрлық сауаттылық» пәні енгізілді. Бұл оқулықтың атауы өзгертілгенімен, пән мазмұны мен оқу жұмысы жүктемесі өзгертілмеген. Пән 15 тақырыптан тұрады. Тақырыптарда компьютермен танысу, интернеттегі қауіпсіздік, алгоритмдері мен бағдарламалау негіздері, робот техникасы, сондай-ақ, анимациялық бағдарлама, глоссарий да қамтылған.

Оқу бағдарламасы сұраныс пен уақыт талаптарына сәйкес болуы тиіс. Бүгінгі таңда цифрлық әлемнің қарқынды дамып жатқанын көріп отырмыз. Қазір смартфондар мен компьютерлерді мектепке дейінгі кіші жастағы балалар пайдаланып жатады. Цифрлық сауаттылық – оқу мен жазу сияқты негізгі дағдылардың біріне айналып келеді. Цифрлық технология қоғам өміріне әсерін молынан тигізуде. Соның нәтижесінде денсаулық сақтау мен білім беру, қала тіршілігі, жалпы адамның күнделікті өмірі айтарлықтай өзгеріп, жаңа сипатқа ие болуда. Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады.

– *Цифрлық сауаттылық пәнін оқыту мақсаты?*

– Жаңа ақпараттық технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық-коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңаланған түрде ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Білім саласындағы цифрландырудың ең басты мақсаты білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық дейгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті Ел жастарын дайындау болып табылады. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту мақсаты – білім алушыларды компьютер құрылғысы, ақпаратты ұсыну және өңдеу, интернет желісінде жұмыс істеу, есептік ойлау, робототехника мәселелері бойынша заманауи ақпараттық технологияларды практикада пайдалану үшін базалық біліммен, іскерлікпен және дағдылармен қамтамасыз ету.

Цифрлық сауаттылық пәнін оқытудағы негізгі талаптарға тоқталсақ:

– Ақпараттық коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Балаларды цифрлық сауаттылық және ақпараттық қауіпсіздік негіздеріне мүмкіндігінше ертерек үйрету маңызды. Өйткені, қазір цифрлық сауаттылық – оқу мен жазу сияқты негізгі дағдылардың біріне айналып келеді. Жаңа пәнді оқыту барысында балалардың жас ерекшелігін еске салады.

Ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тек білім беруде ғана емес, өмірдің барлық саласында, бағыттарында белсенді қолданыста. Технологиялардың күн сайын дамып, өзгеріп отырғаны белгілі, сол себептен де жаңалықтардан қалмай, барлық білім, ғылым саласындағы тың ізденістер мен технологияларды біліп отыру қажет деп білемін.

Мультимедиялық оқулықтар оқушыға арналған таптырмас құрал. Себебі, бұл кезеңдегі балалардың зейіні әдемі түстерге, әдемі ойыншықтарға, әдемі суреттерге, яғни, әдемілікке, әсемдікке әуес болады. Кез келген сабақта әртүрлі, әдемі, ұнамды, жағымды суреттер, сызбалар, тәсілдер арқылы графикалық иллюстрациялар негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

1. Өзгеріс енгізу бағытында сындарлы оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, соның ішінде топтық-жұптық оқыту әдістерін жүйелі қолдану арқылы оқушылардың оқу белсенділігін арттыру мүмкіндіктері анықталды.

2. Іс-әрекеттегі зерттеу сабақтары арқылы мұғалім өз тәжірибесін өзгертуге, дамуын бақылауға, кері байланыс жүргізуде маңыздылығы анықталды.

3. Мұғалімдердің кәсіби қауымдастығы арқылы іс-әрекеттегі зерттеу бойынша мұғалімдердің ынтымақтаса, сенімділік арқылы, нақты іс-әрекеттерді орындауда белсенділікпен бірлескен жұмыс дағдыларының қалыптасатыны анықталды.

4. Зерттеу барысында шығармашыл топ мүшелері өзара ынтымақтастығын дамытып қана қоймай туындаған кедергілерді шешу жолында жан-жақты ақпарат алмасу мен жаңа тың ойлардың туындатудың, осы мәселе бойынша өзге тәжірибелермен бөлісу анықталды. Осы орайды мен мектептегі сабақ сапасының артуы арқасында мектеп оқушыларының білім көрсеткіштеріндегі оң өзгерістердің нәтижесі іспеттес.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақпарат ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілеттерін, талантын дамыту біздің алдымыздағы басты міндетіміз. Қорыта айтқанда, тиімді стратегияларды қолдану арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыра отырып белгілі бір жетістікке қол жеткізе аламыз.

ОНЛАЙН СЕРВИСТЕР, СМАРТ ТЕХНОЛОГИЯ МҮМКІНДІКТЕРІ

Домбаева Айгуль Нурсалбековна,
Үшқоңыр орта-мектеп гимназиясының
информатика пәні мұғалімі
Қарасай ауданы, Алматы облысы

Андатпа. Бұл мақалада автор қазіргі заман талабына сәйкес жаңа технологияларды пайдалану арқылы инновациялық әдістердің ең тиімділерінің бірі – смарт технологияны пайдаланудың жолдарын қарастырады.

Тірек сөздер: смартфон, айфон, планшет, Play Market, App Store, umaigra.com, Colarmix.

Аннотация. В этой статье автор рассматривает пути использования смарт технологий в соответствии новых технологий через инновационных методов.

Ключевые слова: смартфон, айфон, планшет, Play Market, App Store, umaigra.com, Colarmix.

Бүгінгі таңда технология түрлерінің үздіксіз динамикалық түрде дамуына байланысты олардың мүмкіндіктері де өзгере бастады. Технологиялардың жұмыс жасауына сәйкес түрлі программалық құралдар да шыға бастады. Кез келген педагог пен оқушының қолында смартфон, айфон, планшет сияқты технологияларды кездестіре аласыз. Бірақ осы аталған технологиялардың мүмкіндіктерін қолдана аламыз ба? – деген сауал туындайды.


Сондықтан соңғы үлгіде шыққан смартфон, айфон, планшет, ультраблок құралдарын оқушының интеллектуалдық қабілетін қалыптастыруға байланысты Colarmix программасын және ұстаздарға көмек ретінде umaigra.com сайты тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Барлық смартфондарда түрлі программаларды көшіруге арналған Play Market, App Store немесе Google Play т.б. арнайы программалар бар. Осы аталған программалар арқылы өзіңізге қажетті түрлі ақпараттарды өз смартфоныңызға тегін немесе ақылы түрде жүктеуге мүмкіндік береді, ал umaigra.com сайты кез келген интернет қол жетімді смарт технологиясында қолдануға болады.



Play Market арқылы Colarmix программасын жүктеп аламыз www.colarmix.com сайтынан өзімізге қажетті суреттерді басу құрылғысынан шығарып, боялған суреттерді қозғалысқа келтіруге болатындығын көруге болады. umaigra.com сайтында мұғалімдер сабақтарына қолдануға арналған дайын сабақ үлгілері бар, немесе ойын түрінде өз сабағын жасауға арналған.

www.colarapp.com сайтында берілген суреттерді басу құрылғысына шығарып аламыз. Бірнеше жүздеген суреттердің ішінен ыңғайлы суретті таңдап аламыз. Осы берілген суреттерді оқушыға бояуға ұсынылады.



Дайын болған суреттердің үстіне смартфондағы көшіріп алған Solar mix программасын қосу батырмасы арқылы қосып, үстінде ұстаған кезде суреттердің түрлі қозғалысқа келтіретіндігін байқауға болады. Төмендегі келтірілген суреттерде бала футбол ойнап жүр, қоянның түрлі қимылдары, аквариумдағы балықтардың қозғалысын байқауға болады. міне, осындай мүмкіндіктерін көрсету арқылы оқушының смартфонда жұмыс жасау ынтасын арттыра аласыз және смарт технологиялардың мүмкіндіктерін үйренуіне жағдай жасайды.

Суретте көрсетілгендей оқушылар www.colarapp.com сайтынан алынған суреттерді бояу үстінде. Оларға суреттің шектеулерінен бояуды шығармау қажеттігі ескертіледі. Егер суреттегі бояу шеттерінен шығып кетсе, онда оның смартфонда өздері ойлағандай түрлі қозғалысқа келмейтіндігін ескерту қажет. Егер оқушы суреттің жақтауларынан шығармай бояса, онда суреттері қозғалысқа келеді. umaigra.com сайты арқылы өз пәніңізге арналған дайын сабақтарды қолдануға немесе өзіңіздің сабағыңызға қажетті ойындарды құрастыруға болады. Әр-түрлі шаблондар мен жас ерекшеліктерін, тілді ескере отырып жасауға тиімді.

Программаның мүмкіндігін сабақта тиімді пайдалану арқылы көрсетуге болады. Бұл үдеріс смартфондардың мүмкіндіктерін оқушының интеллектуалдық қабілетін дамытуға ықпал етеді.

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ



Байдарова Айман Манатовна,
информатика пәні мұғалімі,
«Шалкөде орта мектебінің,
мектепке дейінгі шағын орталығы» КММ
Райымбек ауданы, Алматы облысы

*«Баланың ынтасын арттыру үшін оқылатын нәрседе
бір жаңалық болуы керек»
Ж.Аймауытов*

Заманауи технологиялар біздің өмірімізге тұрақты түрде енгізілуде, «Цифрлық» тұжырымдамасымен тек ғылыми конференцияларда ғана емес, күнделікті өмірде де жиі кездесетін болды. Цифрландыру процесі және өндіріс кезеңдерін толық автоматтандыруды, өнімнің дизайнынан бастап, оны түпкілікті тұтынушыға жеткізумен аяқтауды, сондай-ақ кейіннен өнімге техникалық қызмет көрсетуді білдіреді. Ғылымның қарқынды дамуы барысында көптеген корпорациялар өндірістің барлық деңгейлерінде жаңа технологияларды қолдана отырып жұмыс істеуге дайын қызметкерлерді талап етеді және арнайы дағдыларға ие емес қызметкерлер қажеттілігі артта қала беруде. Осы проблемаларды шешу, әрине, білім беру процесін қайта жаңғыртуды талап етуде.

Цифрландыру тікелей бұрын қол жетімді болмаған жоғары оқу орындары мен мектептер үшін ашылатын цифрлық технологияның оқу құралдарымен байланысты. Олардың ішінде онлайн оқу аса ерекшеленеді. Қазіргі уақытта әлемде орын алып жатқан төртінші өнеркәсіптік революция – қарқынды ақпарат ағыны мен жоғары технологиялық инновациялар өмірімізге сан қырлы жолмен ықпал етіп, осы өзгерістерге бейімделуді және жаңа шарттар жағдайында дами білуді талап етіп отыр. Осыдан ширек ғасыр бұрын атауы мен мазмұны көпшілікке бейтаныс болған цифрлық технологиялар бүгінде барлық салаға терең еніп, индивидтердің дағдыларын түрлендірді. Мемлекеттегі цифрландыру деңгейі мен оның азаматтарының мұндай технологиялар туралы сауаттылық көрсеткіші елдің әлемдік аренадағы бәсекелестік қабілетін, халықтың әлауқатын айқындайтын факторлардың қатарына енді. Осыған байланысты, цифрлық жүйе мен сауаттылықты дамыту барлық қоғамдар үшін өзекті мәселелердің біріне айналды.

Цифрлық технологияларға кең мағынада электронды құрылғылар, жүйелер мен мәліметтерді өңдейтін бағдарламалар жатады. Мұндай жағдайда компьютер мен смартфондар, әлеуметтік желілер, жасанды интеллект, түрлі бағдарламалар осы түсініктің ішіне енеді. Цифрлық сауаттылық дегеніміз – осы технологияларды меңгеру және қолдана білу. Білім беру ұйымдарын жаппай цифрландырудың маңызы болашақ ұрпақтың кез келген салада ақпараттық сауаттылығын арттырып, шеберліктерін шыңдап, жан-жақты іскерлігін дамытып, бәсекеге қабілетті етіп, білім кеңістігінде өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл – білім сапасын арттыру, оқыту үдерісін қолжетімді ету, мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың байланыстарын жеңілдету тұрғысынан да өзекті. Осы мақсатта білім саласын цифрландыру жұмыстары кең қанат жайып келеді.

Мектепте информатиканы оқытудың мақсаты:

Әрбір оқушыға информатика ғылымы негіздерінің алғашқы фундаментальды білімін беру, оқушыларға осы білімді мектепте оқытылатын басқа ғылымдардың негіздерін түпкілікті және сапалы түрде меңгеруге қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Информатика ғылымының жалпы білім берудегі қызметі өте жоғары. Информатикадан білім негіздерін меңгеру оқушылардың жалпы, ақыл-ойын дамытуға, олардың ойлау және шығармашылық қабілеттерін нығайтуға елеулі әсер етеді.

Информатиканы оқытудың білім беру, дамытушылық мақсаты – оқушының шығармашылық қабілетін, жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыруға, ақыл-ойын, ойлау өрісін, ынтамен дамытуға, яғни қызмет субъектісі ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Қазіргі мектепте информатиканы оқытудың өзекті мәселелері қарастырылып, оларды шешу перспективалары ашылды. Информатиканы оқыту үдерісінде оқу-тәрбие үрдісіне қатысушылардың өзара әрекеттесу жолдары көрсетілген. Қазіргі уақытта салыстырмалы түрде жас және тез дамып келе жатқан ғылыми пән – информатикаға деген қызығушылық жиі байқалады. Бүгінгі таңда информатика ақпараттық-логикалық модельдер туралы іргелі ғылымда ерекшеленді және оны басқа ғылымдарға, тіпті зерттелген мәселелерге өте жақын математикаға дейін азайту мүмкін емес.

Есептеу техникасының дамуына ілесу үшін үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру қажет. Компьютерлік технологияны кәсіби қолдану үшін сізге тағы бір нәрсе қажет – жеке мақсаттылық және ақпараттық технологиялар әлемінде және педагогикалық салада не болып жатқандығы туралы үнемі білуге деген ұмтылыс. Информатиканы оқу – оқушылардың заманауи ақпараттық технологияларды игеруіне ықпал етеді. Тәжірибе көрсеткендей, оқушылар информатика сабақтарында алған білімдерін қолдана отырып, басқа пәндерге дайындық кезінде, мысалы, хабарлама дайындау кезінде презентациялар дайындайды, тек информатика бойынша ғана емес, сонымен қатар басқа пәндер бойынша да білім дәрежесін арттырады.

Сондықтан информатика мұғалімі оқушыларды өз сабақтарымен, пәнімен қызықтыруы керек. Информатиканы оқытудың ерекше күрделілігі компьютермен жұмыс істеудің таза технологиялық мәселелерінде оқушылардың хабардарлығы көбінесе оқытушылардың білімінен асып түсетіндігімен байланысты. Мұғалім ғылым мен техниканың барлық жетістіктерін қадағалай алмайды және физикалық тұрғыдан барлық жаңа құрылғыларға, кітаптарға, бағдарламаларға қол жеткізе алмайды. Ол компьютерді пайдалануға берудің негізгі дағдыларын қамтитын негізгі деңгейімен шектелуге мәжбүр. Қазіргі таңда 150 ден астам интербелсенді оқыту жүйелері мен оқу плаформалары бар. Мұғалім өз сабағында осыларды тиімді пайдаланып, баланың қызығушылығын арттыра түсуде.

Мектептегі информатика курсының практикалық мақсатына тоқтала кетсек:

-Оқушылардың еңбекке және политехникалық дайындығына үлес қосу, олардың мектеп бітіргеннен кейінгі еңбек етуіне дайындығын қамтамасыз ететін білімдермен, дағдылармен және іскерліктермен қаруландыру;

-Курстың бұл мақсаты қолданбалы және теориялық аспектілердің байланысын жүйелі түрде ашып көрсетіп, алгоритмдеудің, программалаудың ЭЕМ-нің қазіргі кезеңдегі өндірістік рөлі мен маңызын айқындау болып табылады. Информатика курсына кәсіптік бағдарлау мақсатында информатикаға және ЭЕМ-ға байланысты мәліметтер, ЭЕМ-ны пайдаланатын басқа ғылымдар жайында мәліметтер берілуі тиіс;

-Мұнымен қатар, информатиканың практикалық мақсатының «тұрмыстық аспектісі» де бар. Ол күнделікті өмірде, тұрмыста жастарды компьютерлік техниканы сауатты пайдалануға үйретеді.

Қорыта айтқанда, білім беруді цифрландырудың дамуы қарқыны электронды оқыту жолындағы кедергілерді жойып, онлайн/офлайн білім беру форматтары арасында өзара кірігу үдерісіне әкелді және аралас оқытудың өзектілігін көрсетті. Білім берудің цифрлық тәсілі оқуға ынталандыру, шешім қабылдаудың тиімді шарттары, білім беру мазмұнын ұсынудың жаңа мүмкіндіктері, оқытудың мақсатында білім меңгертудің практикалық іс-әрекетке бағдарлануы, қолжетімді білім беру жүйесін құру, білім беруді білім алушының сұранысына бейімдеуге қабілетті, икемді білім беру ортасын дамыту, білім мазмұнындағы құбылыстар мен процестерді визуализациялау, оқу іс-әрекеттің маңыздылығын айқындайды.

Пайдаланған сайттар:

1. <https://strategy2050.kz/news/bilim-beru-salasyn-tsifrlandyrudyma-yzy/>
2. <https://www.educatorstechnology.com/>
3. <https://www.didactor.ru/>
4. <https://www.eduneo.ru/>
5. <https://nitforyou.com/>

PYGAME КІТАПХАНАСЫ АРҚЫЛЫ ОЙЫН КЕЗІНДЕ КЕЙІПКЕРДІҢ ІС-ӘРЕКЕТІН ПЕРНЕТАҚТАДАН БАСҚАРУ

Үмбетәлі Жанар Бахтиярқызы,
«№3 орта мектеп» МКМ
информатика пәні мұғалімі
Қонаев қаласы, Алматы облысы

PyGame кітапханасы – 2D ойындарын және басқа мультимедиялық қосымшаларды әзірлеуге арналған Python программалау тілінің модулі. PyGame өте ыңғайлы болғанымен Pythonның стандартты кітапханасына кірмейді, яғни ол орнату бумасы мен бірге жеткізілмейді, оны бөлек орнату қажет. Pygame модулі Python программасынан бөлек орнатылады. Python программасына Pygame кітапханасын орнату үшін **Бастау** (пуск) – **Барлық программалар – Стандартты – Командалық жол** командаларын орындаймыз. Командалық қатарға **pip install pygame** командасын теріп, Enter пернесін басамыз.

```
import pygame                                #pygame кітапханасын іске қосады
pygame.init()                                #pygame-ді таныстырады
screen = pygame.display.set_mode([640, 480]) #pygame терезесіне өлшем береді
running = True
while running: for event in pygame.event.get():
    if event.type == pygame.QUIT             #Оқиғаны қадағалау
        running = False
pygame.quit()                                #терезені жабу
```

Pygame кітапханасына жататын, шеңбер, түзу және тіктөртбұрыш сияқты геометриялық фигураларды салатын **pygame.draw** командалары:

Шеңбер салу

pygame.draw.circle (screen, color, pos, radius, width)

screen – бетті таңдау, **color** – шеңбердің түсін таңдау [R,G,B],

pos – шеңбердің центрін белгілеу, **pos = [x,y]**

radius – шеңбердің радиусы R, **width** – сызықтың қалыңдығы, егер **width = 0** болса, онда салынған фигура іші толық боялып, шеңбер емес, дөңгелекке айналады.

Программада жазылуы: `pygame.draw.circle (screen, [93,68,255], [170,60], 50, 0)`

Тіктөртбұрыш салу

pygame.draw.rect (screen, color, rect, width)

rect[x1, y1, x2, y1] – сол жақ жоғарғы және оң жақ төменгі ұштарының координаталары бойынша тіктөртбұрышты фигураны салады.

Программада жазылуы: `pygame.draw.rect (screen, [255,0,0], [80, 130, 180, 180], 0)`

Түзу салу

pygame.draw.line (screen, color, start, end, width)

start = [x1, y1] түзу сызық басталатын нүктенің координатасы.

end=[x2, y2] – түзу сызық аяқталатын нүктенің координатасы.

Программада жазылуы: `pygame.draw.line (screen, [0,255,33], [50, 100], [50, 300], 5)`

1-код. Әртүрлі фигураларды пайдаланып, балық бейнесінің программа кодын құраңыз.

```
import pygame
pygame.init()
screen = pygame.display.set_mode([600, 450])
screen.fill([0,0,255])
pygame.draw.line (screen, [0,255,33], [40, 210], [120, 250],5)
pygame.draw.line (screen, [0,255,33], [120, 250], [120, 170],5)
```



```
pygame.draw.line (screen, [0,255,33], [120, 170], [40, 210],5)
pygame.draw.line (screen, [0,255,33], [120, 170], [330, 210],5)
pygame.draw.line (screen, [0,255,33], [120, 250], [330, 210],5)
pygame.draw.line (screen, [0,255,33], [340, 180], [330, 210],5)
pygame.draw.line (screen, [0,255,33], [330, 210], [340, 240],5)
pygame.draw.line (screen, [0,255,33], [340, 240], [350, 210],5)
pygame.draw.line (screen, [0,255,33], [350, 210], [340, 180],5)
pygame.display.flip()
running = True
while running:
    for event in pygame.event.get():
        if event.type == pygame.QUIT:
            running = False
pygame.quit()
```

2-код. **Әртүрлі фигураларды пайдаланып, этажды үйдің бейнесінің программа кодын құраңыз.**

```
import pygame
pygame.init()
screen = pygame.display.set_mode([800, 600])
screen.fill([100,149,237])
pygame.draw.rect(screen, [255,160,122], [60, 30, 260, 450], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [90, 70, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [140, 70, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [190, 70, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [240, 70, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [90, 130, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [140, 130, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [190, 130, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [240, 130, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [90, 190, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [140, 190, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [190, 190, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [240, 190, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [90, 250, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [140, 250, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [190, 250, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [240, 250, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [90, 310, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [140, 310, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [190, 310, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [240, 310, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [90, 370, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [140, 370, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [190, 370, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [240, 370, 40, 50], 0)
pygame.draw.rect(screen, [154, 205,50], [170, 430, 40, 50], 0)
pygame.display.flip()
running = True
while running:
    for event in pygame.event.get():
        if event.type == pygame.QUIT:
            running = False
pygame.quit()
```

Ойын кезінде кейіпкердің іс-әрекетін пернетақтадан қалай басқаруға болады?

Оқиға дегеніміз – қалыптасқан жағдайдың белгілі бір уақыт ішінде өзгеруі. Дәл солай программалауда да оқиға ұғымы бар. Компьютерлік ойындарды ойнау кезіндегі оқиға ретінде кейіпкерлердің орындарынан қозғалуын, бір кейіпкердің басқа кейіпкермен соқтығысуы сияқты мысалды келтіруге болады. Ойын барысында қалыптасқан жағдайға (оқиға) қарай тінтуір немесе пернетақта көмегімен жауап беріледі.

Кейіпкерлерді пернетақтадан басқару

1. Тінтуірді жылжыту, басу-MOUSEMOTION модулі;

2. Пернетақтаны басу-KEYDOWN модулі;

3. Көрсетілген уақыт аралығында ойынды аяқтау.

Pygame кітапханасында әрбір перненің өз атауы бар. Ол пернелерді программада пайдаланарда К әрпін қосып жазу керек.

• K_b, K_p, K_h және т.б.с.с. барлық әріптік пернелер осы әдіспен программада қолданылады.

• K_SPACE – бос орын (пробел) пернесі

• K_ESCAPE(ескейп) пернесі

• K_UP және K_DOWN жоғары және төменгі бағдаршалар.

1-мысал. Өткен тақырыпта қарастырған автокөлікті қозғалту жобасында анимация 1000 миллисекундтан соң өздігінен орындалған болса, сол қозғалысты «а» пернесін басқанда жасайтын болсын (1-код).

1-код

```
import pygame;
pygame.init()
screen = pygame.display.set_mode([1000,600])
screen.fill([255, 255, 255])
pygame.display.set_caption('Пернебасу')
avto = pygame.image.load('avt.png')
avto=pygame.transform.scale(avto, (400, 300))
screen.blit(avto,[10, 30]);
pygame.display.flip()
pygame.time.delay(1000)
running = True
while running:
    for event in pygame.event.get():
        if event.type == pygame.QUIT:
            running = False
        elif event.type == pygame.KEYDOWN:
            if event.key == pygame.K_a:
                pygame.draw.rect(screen,[255,255,255],[10,30,400,300],0)
                screen.blit(avto,[200, 30])
            pygame.display.flip()
pygame.quit()
```

2-мысал. Қозғалыстағы автокөлікті SPACE (Пробел) пернесі арқылы қозғалтатын және көлік қабырғаға барып тірелгенде (1-ші және 2-сурет) артқа қарай қозғалып шегінетін программа кодын жаз (2-код).

```
import pygame; pygame.init()
screen = pygame.display.set_mode([600,400]); screen.fill([255, 255, 255])
pygame.display.set_caption('«Пернебасу» жобасы')
avto = pygame.image.load('avt.png')
x = 20; #автокөліктің қозғалыс бастайтын x.y координаталарының
y = 40;
x_speed = 10 #автокөліктің пикселдегі жылдамдығы
avto=pygame.transform.scale(avto, (320, 200))
```

```

pygame.display.flip()
running = True
while running:
#Автокөлікті тоқтаусыз қозғалтуды ұйымдастырады
for event in pygame.event.get():
    if event.type == pygame.QUIT:
        running = False
elif event.type == pygame.KEYDOWN:
    if event.key == pygame.K_SPACE: #SPACE пернесінің басылуын
        pygame.time.delay(50)
#Автокөліктің алдыңғы суретін өшіреді, егер өшірмесе суреттер
    pygame.draw.rect(screen, [255,255,255], [x, y, 320, 180], 0)
    x = x + x_speed #x бойынша көліктің жылдамдығын 10-ға
#Көліктің қабырғаға тірелуін анықтайды
    if x > screen.get_width() - 170 or x < 0:
#Көлік қабырғаға тірелгенде жылдамдық кері мәнге ауысады
        x_speed = - x_speed
    pygame.draw.rect (screen, [255,255,255], [x, y, 90, 90], 0)
    screen.blit(avto, [x, y])
    pygame.display.flip()
pygame.quit()

```

2-кодтағы қарастырылған программа кодында өзгерістерді енгізу үшін қандай программа қатарларын өзгерту немесе қосу қажет.

Допты тік жоғары және төмен қозғалту.

```

import pygame; pygame.init()
screen = pygame.display.set_mode([1000,600]); screen.fill([255, 255, 255])
pygame.display.set_caption(«Пернебасу» жобасы)
dop = pygame.image.load('dop.png')
x = 20; y = 40;
y_speed = 10
dop=pygame.transform.scale(dop, (140, 80))
pygame.display.flip()
running = True
while running:
for event in pygame.event.get():
    if event.type == pygame.QUIT:
        running = False
    elif event.type == pygame.KEYDOWN:
        if event.key == pygame.K_DOWN:
            pygame.time.delay(50)
            pygame.draw.rect(screen, [255,255,255], [x, y, 180, 120], 0)
            y = y + y_speed
        if event.key == pygame.K_UP:
            pygame.time.delay(50)
            pygame.draw.rect(screen, [255,255,255], [x, y, 180, 120], 0)
            y = y - y_speed
    screen.blit(dop, [x, y])
    pygame.display.flip()
pygame.quit()

```

4-код. Баланың жоғары және төмен, оңға және солға қозғалту үшін код құрыңыз.

```

import pygame, sys
pygame.init()

```



```
screen = pygame.display.set_mode([800,500])
pygame.display.set_caption('Питонда ойын жасау' )
player= pygame.image.load('igral.png').convert()
screen.blit(player,[0,0])
bg= pygame.image.load('arka1.jpg')
bg= pygame.transform.scale(bg,(100,80))
screen.blit(bg,[300,80])
x = 20;
y = 40;
y_speed = 10
x_speed = 10
pygame.display.flip()
running=True
while running:
    pygame.time.delay(50)

    for event in pygame.event.get():
        if event.type == pygame.QUIT:
            running = False
    keys=pygame.key.get_pressed()
    if keys[pygame.K_LEFT]:
        x-=x_speed
    if keys[pygame.K_RIGHT]:
        x+=x_speed
    if keys[pygame.K_UP]:
        y-=y_speed
    if keys[pygame.K_DOWN]:
        y+=y_speed
    pygame.draw.rect(screen, [0,102,255], [x, y, 180, 120], 0)
    screen.blit(player,[0,0])
    screen.blit(bg,[x,y])
    pygame.display.flip()
pygame.quit()
```

Пайдаланған әдебиеттер

1. Информационные и коммуникационные технологии в образовании: монография / Под.редакцией: Бадарча Дендева – М. : ИИТО ЮНЕСКО, 2013. – 320 стр.
2. Информационный образовательный ресурс <https://habr.com/ru/post/588605/>

АҚПАРАТТЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жакманова Шынар Слямхановна,

«Қоңыр» орта мектебінің
информатика пәні мұғалімі
Алакөл ауданы, Жетісу облысы

Қазіргі уақытта оқушыларға заман талабына сай білім беру әр ұстаздан ізденісті, үлкен шығармашылық жұмысты талап ететіні хақ. Ал **Информатика пәні қазіргі уақытта жас және тез дамып келе жатқан ғылыми пән.** Біздің мақсатымыз – оқушыларды өздігінен ізденуге ұмтылдыру, жаңа технология бойынша өздерінің білімдерін дамытуға бағыттау. Сабақ барысында оқушылардың компьютерді жетік меңгеруін, ақпараттық-коммуникация құралдарын талапқа сай меңгеруін, ақпарат алмасудың негізгі көзі – Интернет желісін тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етуге тырысудамыз. Білім алушыларды тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру, білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді қажет етіп отыр.

Информатика сабағы ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруға, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды пайдалану оқушының білім алу үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін дамыту қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Информатика сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушы өз бетімен жұмыс жасауға ұмтылады;
- пәнге деген қызығушылығы артады;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі болады;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге ықпал етеді.

Сондықтан, ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, **интерактивтік тақтаны** пайдалана алатын, **онлайн** режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» – деп көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Қазіргі таңда, әрбір жеке тұлға үшін компьютерді және ақпараттық технологияларды игеру оқу мен жазу қабілеті сияқты әрбір адам үшін қажетті шартқа айналды.

Информатика сабағындағы негізгі құрал компьютер. Ол ақпараттық технологияларды қолдануда оқушының тікелей байланысатын өткізгіш рөлін атқарады. Компьютермен бірге компьютерлік оқыту бағдарламасын жетік меңгеру басты талаптардың бірі болып отыр. Сол себепті, біз үшін компьютердің рөлін емес, оқу үдерісіндегі компьютерлік бағдарламаның рөлін тереңірек қарастырған маңыздырақ.

Кей жағдайда компьютер білім беру жүйесінде тек қана оқыту құралы ретінде қалып қояда. Оқу үдерісін қалыпты күйде жекелеген фрагменттер бойынша қарастыратын болсақ, онда компьютер құрал ретінде негізге алынады. Сабақ беру барысында оқушыға қандай бағдарламаны ұсынса да және оқушы қандай оқу бағдарламасын қолданса да – компьютерді проектор, кесте, сызба, карта, т.б. кез келген көрнекілік құрал секілді пайдалана алуды үйренуі керек. Себебі кез келген пәнді оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияға тәуелділігі күннен күнге артуын барлығымыз білеміз.

Мысалы: биология, физика, химия сабақтарында зертханалық тәжірибелерде таптырмас

құрал. Сондай-ақ, кез-келген пәнде сабақты бекіту немесе рефлексияда, оқушыларды бағалауда – информатика пәнінде алған білімдерін қолдана алуына ықпалы зор. Оқытушы сабағында ақпараттық-инновациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық-инновациялық технологияны пайдалану – оқытудың тиімді әдістерінің бірі. Қазіргі таңда, оқушыларға информатика сабағында өз тәжірибемнен электрондық оқулықты пайдаланып жүрмін. Онда әр тарауда тақырыптың мазмұны, тапсырмалары, тараудағы оқу материалдары бойынша берілген анимациялық тәжірибелер оқушыларға информатика сабағына көрнекілік түрінде көрсете отырып түсіндіруге ыңғайлы. Ақпараттық технологияны меңгерген оқушылар қызығушылығына қарай өз беттерінше іздену жұмыстарымен айналысады. Әртүрлі платформаларды пайдалана отырып тесттер құрастырып, жобалар жасайды, ғылыми жұмыстарға зейіндерін аударуда. Оқушылар арасында еркін тақырыпта әр жартыжылдықта өз жобаларын қорғауға мүмкіндік беру мақсатында мектепішілік «Менің жобам – ең үздік жоба» байқауы ұйымдастырылады. Нәтижесінде оқушылар арасында жоба қорғаушылар қатары көбейіп, аудандық, облыстық байқауға қатысушылар саны артуда.

Сонымен қатар тақырыпты қорытындылау үшін тест сұрақтары берілген. Бұл тест сұрақтарының нәтижесінде әр оқушыға жауап беру деңгейіне қарай пайыздық көрсеткішпен бағаланып беріледі. Бұл әдіс оқушының білімін көтеруге, сабаққа ынтасын қалыптастыруға оң әсер ететіндігі сөзсіз.

Электрондық оқулықтар мен компьютерлік оқу-әдістемелік құралдарды өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар өзі белсенді жеке жұмыс істей алады. Оқытушының жұмысын жеңілдетіп, оқушыны жалқаулықтан құтқарады. Электрондық оқулық пән оқытушылары үшін бұл күнделікті дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны сабақта қолдану оқытушының шығармашылықпен жұмыс жасауына, белсенділігін арттыруына мол мүмкіндік береді.

Информатика пәні бүгінгі таңда Цифрлық сауаттылық деген атаумен бастауыш сыныптан бастап оқу бағдарламасына енгізілген. Оқушылардың бастауыш сыныптан бастап роботтар туралы түсініктері қалыптаса бастап, программалаудың элементтерімен танысып, компьютердегі ойын түрлері арқылы, блоктық программалаумен оқытылатын болып жатыр. Одан әрі орта буын кезінде кодтап оқытылу, программа жазуға бейімдеу керек. Тек 11 сыныпта ғана мамандық таңдауға бағытталған тақырыптар, яғни кәсіби бағдар беру мақсатында оқытылады.

Білім алушыларды көбіне робототехника, программалау, 3D-модельдеу

қызықтырады. Осы қызығушылықтарды жүзеге асыру үшін неғұрлым күрделі дағдылар мен құзыреттіліктер қажет. Озық технологияларды меңгеру, топта жұмыс жасауды үйрену және «Информатика» пәнінен алған дағдыларын дамыту, жобалық жұмыстарды жүргізу үшін үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонент есебінен бөлінген қосымша сағаттар арқылы жүзеге асыруға тырысып жүрміз. Қазіргі информатика пәнінің оқыту ерекшелігі оқушыларды мектеп жасынан бастап есептік ойлауға, кодтауға, программа жазуға үйретуіміз қажет.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру мен ақпараттық-инновациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану оқушының өз мамандығына қызығушылығы мен мамандық сапасын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда қоғамның даму жолдарын анықтайтыны сөзсіз.

Пәнге деген қызығушылығы артқан оқушылар, қосымша курстарға барады немесе интернет желісі арқылы ақпарат алып жүр.

Мұғалімдердің өздері де үздіксіз іздену үстінде. Себебі, қазіргі ғылым мен техниканың қарқынды дамып жатқандығы соншалықты, әр күн сайын өзімізге «нені, қалай оқытамын?» деген сұрақпен жауап іздеудеміз.

Осы орайда, «Информатика» пәнінен оқу жүктемесінің саны шектеулілігінің, шалғай мекендерде орналасқан ауыл мектептерінде интернет желісінің тапшылығы өз әсерін тигізіп жатқанын айта кетпеске болмас. Себебі, жаңа оқыту технологиясы – тікелей ақпараттық-коммуникациялық технологияға барып тіреледі. Бұл оқытудың негізгі қызметтерін орындайтын оқыту құралы. Оқушының жеке қажеттіліктерін толығырақ қанағаттандыруға, жеке қабілеттерін дамытуға бұл факторлар елеулі септігін тигізетіні сөзсіз.

ИНКЛЮЗИВ БАЛАЛАРҒА ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Джабаева Айну́р Тынышбекқызы,
І. Жансүгіров атындағы №37 ЖББМ
информатика пәні мұғалімі
Алматы облысы, Талғар ауданы

«Менің жанымда кішкентай әдемі қыз ұстаған бір ер кісі отырды, оның жанында кішкентай бала тұрды, ол қайтадан суға түскісі келетінін, әкесінің доп алып беруін талап етіп, қыңқылдап тұрды. Кетіп бара жатып, бала көзінің әкесінің тізесіне қадалып тұрғанын байқадым» (Нұрмұхамбетова Т.Р. Тәжірибелік

психология: Оқулық / М. Әуезов атындағы ОҚМУ. - Шымкент: Нұрлы бейне. – 2006 ж.). Ары қарай кітап авторы мынандай қорытындыға келеді: «бала ойыншықты алғысы келгендіктен немесе бассейнге барғысы келіп тұрғандығынан емес, ол өзінің қыңқылымен әкесінің көңілін өзіне аудармақшы, бала қарындасы сияқты еркелікке, махаббатқа құқығы бар екендігін көрсеткісі келіп тұр».

Қарастырылып отырған бұл жағдайдан біз балада – белгі-бір қажеттілік болғанын көреміз. Бірақ кейде сол қажеттіліктің шектен тыс болғанын да аңғарамыз. Содан кейін балада еркелік, өзімшілдік, агрессия күшейе түседі. Міне, осы кезде бала мектепке келгенде көптеген қиындықтарға тап болып жатады. Мұндай оқушыларды біз инклюзив балалардың тобына жатқызып жатамыз. Жалпы инклюзив дегеніміз не? Инклюзив оқыту дегеніміз не?

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, аса қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы.

«Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек» – деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, оқу процесіне жаңа көзқараспен қарау керек.

Инклюзив – сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда», ал ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім беру – аса қажеттілігі бар балаларға қалыпты балалармен бірге білім беру.

Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру. Тәжірибе көрсеткеніндей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды.

Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Сонымен, кіші мектеп жасындағы балалардың эмоционалды үйлеспеуіне себеп болатын негізгі факторлар:

1. Табиғи ерекшеліктер, яғни темперамент түрлері:

- а) сангвиник;
- ә) холерик;
- б) флегматик;
- в) меланхолик.

2. Әлеуметтік фактор;

- а) отбасы тәрбиесі;
- ә) мұғалімдердің тәрбиесі;
- б) мектеп психологының әсері.

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін балалар:


1. мінез-құлық және эмоционалды проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, бала ата-ана және отбасы ішілік қарым-қатынастар) бар балалар


2. әлеуметтік, психологиялық, экономикалық лингвистикалық мәдени сипаттағы кедергілері (әлеуметтік қауіпті отбасы балаларының педагогикалық немқұрайлылығы, жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, қандастар және т.б отбасылар) бар балалар)

3. даму мүмкіндіктері шектеулі (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалды-еріктік бұзылыстар) бар балалар

Жоғарыда көрсетілген үш топ оқушыларының 2021-2022 оқу жылында 1 «д» сыныбында маған бірінші топтағы балалар кездесті. Жалпы маған сабақ өткізу өте қиын болды, себебі сыныбымдағы 4 оқушы ерекше қарым-қатынасты қажет етті. Оқу бағдарламасын, жаңа сабақ материалын да бірден түсіне алмады. Бұл оқушылар жайлы сынып жетекшісімен, ата-аналарымен, психологпен сөйлесіп, оқушылармен жұмыс жасай бастадым. Балалардың күшті және әлсіз жақтарын анықтап, өз пәнімнен яғни «Цифрлық сауаттылық» пәнінен тапсырмаларды жеңілдетіп ұсындым.

1 «Д» сыныбындағы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың I және II жарты жылдық бойынша «Цифрлық сауаттылық» пәнінен өткен оқу жылы бойынша психологиялық мониторингісі





Әрине, басқа оқушылар алға өтіп кетті, бірақ сол тапсырмалардан кейін оқушыларымның оқуға деген ынтасы мен қызығушылығы біршама артты. Оны бірден ата-анасы мен сынып жетекшісі байқады.

Ендігі кезекте, инклюзив оқушыларыма арнап, арнайы тапсырмаларды толық курс бойынша жасадым. Жыл бойы қолданып, әріптестеріммен көршілес мектептерге ұсындым. Бұл тапсырмалар өзінің оң нәтижесін беріп, аудан көлемінде мектеп педагогтеріне арнап вебинар өткіздім. Бұл тәжірибем ата-ана мен мұғалімдер арасынан үлкен сұранысқа ие болды.

Білім берудің бұл түрінде аса қажеттілігі бар баланың өз-өзіне сенімі артты, ол маңайындағылардың тарапынан өзіне қолдау бар екенін сезінді, бұл баланың өзін-өзі бағалай білуіне, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына, өзін қоғамның толыққанды мүшесі сезінуіне жол ашады деген ойдамын.

Сонымен қатар мұндай тапсырмалар оқушының ата-анасынан алшақтамай, яғни арнайы мектеп-интернаттарда тұрып оқуға мәжбүр болмай, тұрғылықты жерде білім алуына мүмкіндік береді. Қоғаммен біте қайнасып, әлеуметтік жағынан бейімделеді. Ата-анасы да баласының дамуы мен тәрбиесіне белсене қатысып, бала алдында жауапкершіліктері артады. Төменде мониторинг берілген.

Қорытындылай келе төменде «Цифрлық сауаттылық пәні бойынша 1-сыныпқа арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар (17 сағат) берілген. Сонымен қатар төмендегі сілтемеге өтіп қысқа-мерзімді жоспар мен тапсырмаларды жүктей аласыздар:

1. «C:\Users\Админ\Desktop\Үздік педагог 2022 ОБЛЫС\Инклюзив 1 сынып\кмж готовый\КМЖ 1 Д.docx»
2. «C:\Users\Админ\Desktop\Үздік педагог 2022 ОБЛЫС\Инклюзив 1 сынып\кмж готовый\1 [сынып Инклюзив балларға тапсырма.pptx](#)»

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АКТ ҚОЛДАНУ

Иликбаева Лязат Романовна,
«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар
Д.Қонаев атындағы орта мектеп» КММ
бастауыш сынып мұғалімі
Жетісу облысы, Панфилов ауданы

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны сабақта қолданудағы мақсатым: ақпараттық-коммуникациялық технологиясын тиімді пайдалана отырып, балалардың танымдық, қызығушылық қабілеттерін дамыту; ой-өрісін кеңейту, тілін дамыту, айналадағы дүние туралы көзқарастарын қалыптастыру.

«Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Ақпараттық технология дегеніміз-білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алуға беру үрдісі. Бұл үрдісті іске асыруға, яғни инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер-мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілері құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда.

АКТ-ны пайдалануда сабақтың мынадай ерекшеліктері бар:

- Мұғалім оқушыға сұрақ қойып, тез арада оқушы оған жауап береді;
 - Мұғалім тапсырманың дұрыстығын тексереді;
 - Оқушылардың компьютермен жұмыс барысында пайда болған қиындықтарды уақытында шешуге болады;
 - Кейбір амалдарды оқушы өз бетінше орындайды, компьютерде жұмыс істеуді үйренеді;
 - Сыныптағы оқушылардың барлығынан жауап алуға болады және алған білімдерін практикамен ұштастырады;
 - Білімі төмен оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.
- АКТ-ны сабақта пайдаланудың оқушы үшін тиімділігі:
- Оқушының еркін ойлауына мүмкіндік береді;
 - Ақыл-ойын дамытады;
 - Шығармашылық белсенділігін арттырады;
 - Ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді;
 - Тіл байлығын жетілдіреді;
 - Жан-жақты ізденушілігін арттырады.

Қазіргі заман талабы оқушылардың бастауыш сыныптан бастап, ақпаратты коммуникативті технологиясын пайдаланудың тиімділігін таныстыру керек. Ол үшін ұстаз компьютерлік технологияларды жетік меңгеруі керек.

АКТ-ны қолдану 1-4 сыныптарда аса өзекті болып саналады. Бастауыш сынып оқушыларында негізгі ойлау әрекеті-көрнекілік-образды. Сондықтан, оларды оқытуда көптеген сапалы иллюстрацияларды қолдануда АКТ-ның үлесі зор. Тақырып мазмұнын игеруде тек көру емес, сонымен бірге есту, іс-әрекет орындау, эмоция мен қиял да қосылады.

Бастауыш сыныптарды оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері өте мол. Мәселен, 3-4 сыныптарда әдебиеттік оқу пәні бойынша оқушыларға әуелі слайд көрсету арқылы өлең авторының өмір жолымен таныстырып, осы өлеңнің шығу тарихына ерекше тоқталып, мазмұнын меңгертіп, тапсырмаларды орындатамын. Әрі қарай оқушы автордың өмірбаяны туралы мәліметтерді интернеттен іздеп, тауып жинақтап өз білімдерін толықтырады. Үй тапсырмасы ретінде шығармашылыққа қабілетті балаларға, сол әңгіме немесе шығармаға байланысты презентация жасап әкеліп, келесі сабақта интерактивті тақта арқылы сыныпта көрсетуге тапсырмалар беріп отырамын. Міне, осындай ақпарат құралдарының көмегімен сабаққа белсенділігі төмен оқушылардың да қызығушылығын арттыруға болады.

Өз сабақтарымда АКТ пайдалау арқылы оқушылардың жаңа ойларын, әсерлі идеяларын тартымды етіп көрсететіндігін аңғардым. Жаңа материалдарды бірігіп талдауда да маңызы зор

болды. Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

Ақпараттық технологияларды педагогикалық тұрғыдан дұрыс пайдалана білу оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, сабаққа деген ынтасы оянады, өз бетімен жұмыс істеуге, проблемалық сұрақтарға жауап беруге, өмірмен байланыстыруға еркін де кең мүмкіндік береді.

Компьютерлік технологиялар-біздің келешегіміз. Ол баланың интеллектуалдық дамуына, ойлау процестерін арттыруға, ақпараттармен жұмыс істеу мүмкіншіліктеріне зор ықпал етеді. Бірақ, тек компьютерге жүгінуге, оны білім алудың жалғыз арнасына айналдыруға болмайды. Айналадағы қоршаған ортаны тануда кітап оқу, бақылау және ең маңыздысы жанды қарым-қатынас екенін ұмытпағанымыз жөн.

АКТ сабақтың негізгі элементі емес, қосымша-көмекші элементі түрінде болуы тиіс. Төменгі сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, АКТ-ны қолдану жұмысын нақты сабақтың қай бөлімінде, қалай қолданылатыны ойластырылған және уақыт мөлшері ескерілген болуы тиіс. АКТ-ны қолдану арқылы өткізілетін сабақтарда баланың денсаулығын сақтауға аса назар аудару қажет. Сабақ жоспарына сергіту сәтін, динамикалық үзіліс, көзге арналған жаттығулар, денсаулық сақтау технологияларын міндетті түрде пайдаланудың тиімділігі әсіресе Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізінде сауат ашу пәнінде аудио тыңдалым, математика, дүниетану мен жаңадан енген жаратылыстану пәндері үшін қалыптастырушы бағалау тапсырмалары мен тест жұмыстарын орындау барысында оқушылар уақытын үнемдеуге өте тиімді.

Қорыта келе, бастауыш сыныптарда жас ерекшелігіне сай АКТ-ны қолдануда оқу материалдарының сапасы артады, оқушылар өз бетінше ізденуге, еркін ойлануына және оқушылардың әдетінше ғаламтордағы әдемі көріністерге қызыға бермей шынайы өмірді әдемілеп бейнелеуге болатынына көз жеткізеді және күнделікті өмірге жақын екендігін түсінеді.

ИНФОРМАТИКАДАН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫН БАҒАЛАУ

А. Курманбаева,

Э. Бакирбаева,

Қарашоқы орта мектебінің
информатика пәні мұғалімдері
Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы

«Баланың ынтасын арттыру үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болу керек».

Ж. Аймауытов

Қазіргі кезде шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Бүгінгі білім мазмұны педагог пен білім алушы арасындағы байланысты субъективті деңгейде көтерудегі демократиялық бастамалардың барлығы педагогтер арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі педагогке тек пән педагогі ретінде қабылдау олқылық көрсетеді. Педагог қоғам айнасы. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшті. Білім беру саласындағы өзгерістерді дұрыс қабылдап, оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, бүгінгі заман талабына сай ұстаз болуы мүмкін емес. Кез-келген сынып оқушылары информатика сабақтарына қуана барады, және бұл компьютердің өзі пәнді оқуға ынталандыратындығына байланысты.

Заман талабы педагогтен де, білім алушыдан да жаңаша көзқарасты, терең ойлауды талап етеді. Сондықтан өмір көшінен қалмай жас ұрпақты көкірегі ояу, ізденімпаз, шығармашылықпен жұмыс істей алатын дәрежеге жеткізуіміз керек. Сабақты тартымды, қызықты етіп өткізу – педагогтің шеберлігі, білімділігі, таланты. Егер педагог сабақта бір тақырыпты оқытуда білім алушыларды ойландыруға, ізденуге, тәжірибе жасап, істеген жұмысын қорытындылай білуге, сөйлеу мәдениетін дамытуға, ғылыми тілде сөйлей білуге назар аударса, келесі бір сабақтың тұрмыс, салт-сана көрінісіне, қазіргі жеткіншек жете білмейтін ұғым түсінігін бүгінгі өмір салтына жинастыра көңіл аударса, сол арқылы танымдық мақсат қояды. Сөйте отырып, ұлттық дәстүрді қадірлей білуге, адамгершілікке, ізгілікке, ұлттық тәлім-тәрбие беруге назар аударылады. Сабақ үрдісінде білім алушылар өзіне-өзі баға беруге, әлсіз жақтарын сын көзбен қарауға, өзінің жетістігін жете білуге, өз бетімен іздене білуге дағдылары қалыптасады. Білім алушылар арасында ынтымақтастық, сенім ахуалы қалыптасып, өзара сыйластық орнайды.

Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Қызықты сабақтар педагогтің ашқан жаңалығы, әдістемелік ізденісі, қолданған әдіс-тәсілдері арқылы, шәкірт жүрегінен орын алады. Мұғалім, қызықты, сапалы сабақты өткізу үшін көп ізденеді. Сабақ үстінде көп сөйлемей, яғни білім алушыларды сөйлетуді қадағалап, бағыт беріп отырады. Жаңа технологияларды қолдануда әрбір педагог, өзінің біліктілігін, шеберлігін көрсете білсе, онда кәсіптік шеберлігі артады. Сондықтан заман талабына сай жаңа оқу үрдістерін тиімді пайдаланудың маңызы зор деп білемін.

Қазіргі заман талабының өзі білім алушыны 1-орынға қою, яғни педагог сабаққа бағыт беруші болып, білім алушы алдын-ала берілген тапсырмалар арқылы сабақ түсіндіріп, өздік, өзіндік талдау жасап, бірін-бірі бағалап, өз ойларын толық жеткізіп, білім беруші рөлін алады. Осы заманғы білім беру ісінің өзекті мәселесіне білім алушыларға түсетін ауыртпалықты жою, олардың бойында оқуға деген қызығушылықты, белсенділік пен өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерін арттыру жатады.

-Білім алушыға сапалы білім беру үшін алдымен білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттыру және педагогтің шеберлігін шыңдау қажет.

Жалпы сабақта негізгі мәселелер келесідей болады:

1. **Мазмұн** (Не нәрсеге үйрену/үйрету керек?).
2. **Әдістеме** (Қалай үйрену/үйрету керек?).
3. **Нәтиже** (Не үшін үйрену/үйрету керек? Үйренудің/үйретудің нәтижесі қандай болуы керек?).

Оқу/оқытудың кейбір тәсілдерін қолданғанда мәліметтің 24 сағат ішінде есте сақталуы
(А. Маслоудың идеялары бойынша Н.Сандерстің кестесі)

Тәсілдер	Есте сақтау мөлшері
Лекция	5%
Оқу (мәтін, кітапты оқу)	10%
Аудио және видео құралдарды қолдану	15%
Көрсету(жобалар, кестелер)	30%
Пікір талас	50%
Практикалық іс-әрекеттер	75%
Үйренген білімді дереу қолдану, басқаларды үйрету	90%

Практикалық тапсырмаларды қолдану мақсаты – білім алушыларға теориялық мәліметтерді өздерінің белсенді әрекеттерімен «тануға», «дәлелдеуге», өз қолымен «жасауға» жұмылдыру.

Практикалық тапсырмаларды дайындау барысында педагог арнайы оқу материалдарын дайындауы қажет. Сол материалдар бойынша (идея, проблема, тұжырым, ереже, анықтама, рет пен тәртіп, схема, кесте, жоспар, параметрлер, ақпарат, статистикалық мәліметтер, көрсеткіштер, т.б.) білім алушылар өздерінің теориялық білімдерін қолданып, нақты әрекеттерді атқара отырып, практикалық дағдыларын дамытады, өзіндік тұжырым жасайды. Оқу материалдарында қолданылатын тапсырмалар, нақты әрі ықшам болғаны дұрыс.

1. **Wordwall-да құрылған ойын түрлері.** Сабақты меңгерту кезінде бір сарынды өткізбей әртүрлі тәсілдерді түрлендіріп өткізу тиімді. Соның ішінде Wordwall тәсілі үй тапсырмасын сұрағанда, сабақты бекіту кезінде білім алушыларға білімдерін бекітуге өте ыңғайлы әрі қызықты.

2. **«Бөліктерден программа құрастыр»**

Білім алушыларға бөлінген үлестірмеде жазылған программа фрагменттерінен жылдам программаның бөліктерін жинап, құрастыру ұсынылады.

3. **Практикалық тапсырма**

Питон тілінде құрылған программаның командалар орнын ауысқан, осы командаларды дұрыс орналастыру және нәтижесін көрсету.

4. Оқушыларға программалауды үйренуде тиімді тәсілінің бірі ол программа қателерін тауып үйрену.

Бұрынғы білім тек тыңдаушы, орындаушы болса қазіргі білім алушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға, дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, іздемпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білетін тұлға екендігін байқауға болады.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ДАМУ БОЛАШАҒЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІН ТАЛДАУ

Оспанбаева Бағлан Омиргалиевна,

информатика пәні мұғалімі,

«М.Горький атындағы орта мектеп» КММ

Бөлек ауылы, Еңбекшіқазақ ауданы, Алматы облысы

*«Сабақ беру – үйренішті жәй ғана шеберлік емес, ол жаңадан
жаңаны табатын өнер»*

Ж. Аймауытов

Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру ұстаздың интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі білім беру жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Мұғалімнің мақсаты білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады. Қазір білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінде қажеттілігін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – басты талап.

Мәселе – технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Сондықтан информатика сабақтарында көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдана білу мұғалім алдында тұрған бірден бір міндет. Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан-жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді.

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық интерактивтік технологиялары – жеке тұлғаның ақпараттық-коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру негізі. Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау, құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің

ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әртүрлі технологиялары зерттеліп, жаңашыл педагогтердің іс-тәжірибесі сараптамадан өтіп, мектеп өміріне енуде.

Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында өздігінен білім алуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Осыған орай, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа технологияларын жетік меңгеру арқылы жетістіктерге жетуге болады.

Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады.

Информатика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың ақпараттық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестері мен әртүрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Информатика пәні сабағында теориямен бірге практика қатар жүреді. Біз әрбір сабақта АКТ-ны тұрақты түрде қолданамыз. Мен **«Информатика пәні мұғалімінің тәжірибесіндегі цифрлық технологиялар: даму болашағы және қолдану тиімділігін талдау» тақырыбының шеңберінде** – уақытты тиімді пайдалану, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін, қандай платформа, сайттарды қолдануға болады деген сауалға жауап іздеп көрдім. Қазір сабақты тиімді өткізуге ықпалы ететін ресурс көздері жеткілікті. Солардың ішіндегі қолдануға ыңғайлы, әрі қолжетімді, жеңіл бағдарламалармен бөліскім келеді.

Сіздер бұл программаларды пайдаланып та жүрсіздер. Өзімнің іс тәжірибемде сабақтарды өту барысында оқытудың топтастыру стратегиясын, Блум таксономиясын, қызығушылықты ояту, болжау әдісі, жұппен жұмыс жасау, топтық жұмыс, сұрақ-жауап, әңгіме, пікірталас, ой қозғау сияқты әдіс тәсілдерін жиі пайдалануға тырысамын. Бұл әдіс-тәсілдердің барлығы оқушыларға берілген тапсырманы меңгеруіне ықпал жасайды. Нәтижесінде оқушылар топта жұмыс жасауды, топтық ережемен келісіп, бір-бірінің пікірін тыңдауды, көшбасшылық жасауды үйренеді.

Информатика пәні сабағында кәдімгі тақтаның орнына, «Padlet» тақтасын қолдануға болады. Өзіме ыңғайлы болу үшін сабақтың әрбір кезеңдерінде қолданатын, әртүрлі платформаларда жасалған ресурстарды бір «Padlet» тақтасына жинақтадым.

Мысалы: «qr code monkey» арқылы топқа бөлу», үй тапсырмасын тексеру, сабақты бекіту мақсатында <https://learningapps.org/> «Миллион кімге бұйырады?», «Кім жылдам?» интерактивті ойын жаттығулары, <https://wordwall.net/ru/myactivities> «Датчиктер», «Python программалау тілінің функциялары мен деректер типтері», «3D редакторы» интерактивті ойын жаттығулары, <https://ru.padlet.com/dashboard>, <https://docs.google.com/forms> арқылы «Кері байланыс», сабақты бекіту мақсатында <https://www.zipgrade.com> арқылы «Тест» жұмысын ұйымдастыруға арналған тапсырмалар құрастырдым. Өзімнің сабақта қолданған әдіс-тәсілдеріммен бөлісіп отырмын.

Интерактивті ойын-жаттығуларын, интернет ресурстарын тиімді қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын, есте сақтау қабілетін, оқуға деген құштарлығын дамытуға болады. Ойын түрлері арқылы баланың қиялын дамытады, зейінін ашады, терең білім береді; оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастырады, осы сатыға жеткізуші дәнекер-ойдың модулі деп түйіндеуге болады. Бұл әдіс оқушыны ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге баулып, шығармашылық қабілетін дамытады. Сабақ беруде пәндерді оқыту технологиясын жан-жақты қолдану – ұстаз білігі мен шеберлігі.

Яғни, тәуелсіз елдің талапты ұрпағын тәрбиелеудегі жауапкершілік. Ұстаздың міндеті – жеке тұлғаның өзіне, қоғамға қажетті қабілеттерін қалыптастыру, дамыту және өз бетімен білім алуына, өзін-өзі дамытуға қолайлы жағдай жасау. Сондай-ақ, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды оқу үрдісінде қолданудың нәтижесінде оқушылар жинақталған тәжірибиесін сыртқа шығарып, оны өмірінде пайдалана алады.

Қорыта айтқанда, ақпараттық-коммуникативтік технология – оқу материалын терең түсінуге, оқу мотивациясының артуына, алған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына, білім беруге жұмсалатын уақыттың азаюына ықпал етеді. Жалпы заман талабына сай білім беру қашанда өзекті мәселе. Осыған байланысты әр педагог сапалы білім мен саналы тәрбие берудің тиімді жолдарын іздестіру қажет, себебі ХХІ – ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Б.А. Тұрғынбаева Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы: Атамұра, 2015.
2. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту». С.Т. Мұхамбетжанова
3. «ҚР Білім туралы» Заңы.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық ІІІ деңгей, 2014 жыл
5. Интернет ресурстары:
<http://el.kz/>
<http://e.edu.kz>



ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ВОСПИТАНИЕ И СОЦИАЛИЗАЦИЯ



КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ҚҰРАЛДАРЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Онгарова Бигайша Маратовна,
«Елтай атындағы орта мектебі Сарыбұлақ
бастауыш мектебімен» КММ-нің
бастауыш сынып мұғалімі

***Аннотация:** Мақалада қазіргі бастауыш мектепте оқушыларға патриоттық тәрбие беруде көркем шығарманың алатын орны туралы баяндалған. Патриоттық тәрбие берудегі өзекті мәселелер яғни, патриоттық сезім тұлғаның тектілігімен туындап, тәрбие арқылы жетіліп, патриоттық сана түрінде қалыптасуы жолдары қарастырылған. Көркем шығармаларды оқытуда мұғалім негізге алатын басты әдіс-тәсілдер ұсынылған және баланың бойында отансүйгіштікке қалыптастырудың тиімді жолдары баяндалған.*

Патриотизм – Отанға, туған жерге, өзінің мәдени ортасына деген сүйіспеншілік. Бар болмысыңды ел мүддесіне арнап, бойыңдағы қабілет пен күш-қуатты, білім мен білікті, ақыл-парасатты ел игілігіне жұмсау патриотизмның басты ерекшелігі ретінде сипатталады. Бұл қасиет қоғамдық ой-сана қозғалысының ерекше бір бөлігі іспеттес болғандықтан, ол қоғамдық ортаның даму үрдісіне сай әртүрлі мазмұнда көрініс береді.

Балаларға патриоттық тәрбие беру мәселесі қоғам назарынан тыс қалған емес. Патриотизм әлеуметтік құбылыс ретінде кез келген ұлттардың, халықтардың және мемлекеттіліктің өмір сүруінің және дамуының негізі болып табылады. Патриотизмнің маңызды құрамдас бөлігі ретінде бағаланбауы, азаматтардың қоғамдық санасының нашарлауы қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, рухани және мәдени дамуының негіздерінің әлсіреуіне әкеледі. Бұл еліміздің азаматтарын тәрбиелеудің жалпы жүйесіндегі патриоттық тәрбиенің басымдығын анықтайды.

Жалпы білім беретін оқу орындары нағыз патриотты тәрбиелеуде жас ұрпақтың қабілеттері мен дарындарын ашуға, оларды жоғары технологиялық бәсекелестік әлемде өмір сүруге дайындауға шақырылады. Патриотизм қазіргі заманғы бастауыш сыныптардың іргелі әлеуметтік-педагогикалық тұжырымдамаларының бірі болып табылады.

Өз ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары: Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Алаш Орда қайраткерлері: М.Дулатов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов және тағы басқалардың нақтылы іс-әрекеттері мен шығармаларынан да байқауға болады. Қазақ тарихын тұңғыш зерттеуші ғалым Шоқан Уәлиханов отансүйгіштік сезімінің қалыптасуы туралы: «Менің патриоттық сезімім ірбітсандығындай (бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық) мен ең алдымен өз отбасымды, туған туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртмды, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстарын, Ресей жұртын қадірлеймін», – деген екен.

Ыбырай Алтынсарин алғаш халық мұрасына, салт-дәстүріне, ұлттық ерлік және жауынгершілік тәрбиесіне мән бере отырып, өзінің Қазақ хрестоматиясы атты оқулығында Қобыланды батыр жырынан Қобыланды және Тайбурыл деген атпен үзінді енгізген. Осыдан келіп қазақ халқы тек батырларын ғана құрметтеп қоймаған, сонымен қатар батырлардың серігі, астына мінген аттарының қасиеттерін жақсы суреттегенін білеміз.

Қазақтың классик ақыны Абай тікелей жауынгерлік және ерлік тәрбиесіне арнап еңбек жазбағанымен де, өзінің поэмаларында, қара сөздерінде отан сүйгіштікті қалыптастыратын ұлттық сана, намыс, парыз секілді қасиеттерді жан-жақты қамтыды. Абайдың біраз сөзі қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы пайымдаулары халқымыздың тарихын ғылыми негізге келтірген алғашқы қадамдардың бірі. Абай шығармалары туған елінің, жерінің тарихын зерттеп, оны жете түсінуді уағыздайды [1].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттілігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр», деген еді. Ал «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыз – түркілердің Мәңгілік Ел идеясын Қазақ елінің ұлттық идеясы деп жариялаған болатын және «оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажеттілігін» ерекше ескерткен және олардың ең бастыларының қатарында «патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық» аталып өткен, сонымен қатар, «бұл құндылықтар меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан барлық оқу орындарында да сіңірілуге тиіс» деп ерекше атап өткен еді [2]. Ендеше, патриотизм идеясы жастарға білім мен тәрбие берудің барлық бағдарламаларынан көрініс табуы керек, жалпы көпшіліктің де одан хабардар болғаны жөн.

Патриоттық сезімді қалыптастыру көбіне оқушылардың эмоционалдық аясының дамуына байланысты. Бастауыш сыныптарда көркем шығармаларды оқу – бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ең маңызды көзі. Көркем әдебиет баланың жеке басының эмоционалдық саласын және бейнелі ойлауын дамытуға ғана емес, сонымен қатар балалардың ой-өрісін кеңейтуге, олардың дүниетанымының негіздерін қалыптастыруға және рухани-адамгершілік идеяларын қалыптастыруға үлкен мүмкіндіктермен байланысты және ол патриоттық тәрбиенің негізі.

Егер осы жаста бала білімнің қуанышын сезінбесе, жақындарын сүйге, табиғатты қорғауға үйренбесе, өз ісімен мақтануға үйренбесе. Отан, оның тарихы, жетістіктері өз елін одан да әдемі, бай, күшті, бақытты ету ниетіне ие болмайды, бұл болашақта әлдеқайда қиын болады және жоғары психикалық және физикалық шығындарды талап етеді [3].

«Ана тілі» пәнінің тәрбиелік мүмкіндіктері зор. Осы тәрбиелік әлеуетті жүзеге асыру үшін мұғалім сабақта оқыту әдістері мен тәрбие әдістерін шебер ұштастыруы қажет. Өкінішке орай, қазіргі мұғалім әдеби оқу сабақтарының тәрбиелік мүмкіндіктерін толық пайдаланбай, пәндік оқу нәтижелеріне жетуге көп көңіл бөледі.

Бастауыш сынып оқушының тұлғасын тәрбиелеудің жалпы стратегиясы көркем шығарманың жанрлық ерекшеліктерімен анықталады. Балаға шығарманың сюжеттік желісінің дамуының оқиғаға байланысты өзара байланысын ғана емес, сонымен бірге автордың оған енген терең, өмірлік, тұлғалық мәнін түсінуге және түсінуге көмектесу керек. Сабақта оқылатын әдеби шығарманы талдау барысында мұғалім оқушыларды мәтіннің мазмұнына қызықтыруға тырысып, әдеби кейіпкерлердің образдарын, олардың өй-сезімдерімен сусындаған тәжірибелер автордың позициясын, оның суреттелген оқиғаларға, әр кейіпкердің өмірі мен тұлғасына деген жеке қатынасын міндетті түрде танып, содан кейін оқушыларды бейнеленген фактілерді, оқиғалар мен құбылыстарды түсінуге жетелеу қажет.

Көркем шығарманы талдау барысында кейіпкерлердің эмоциялық бастан кешкендеріне ерекше назар аударып, олардың негізінде жатқан адамгершілік қасиеттерін оқушыларға түсіндіруге тырысу керек. Бастауыш сыныпта оқылатын кез келген көркем шығарманы талдасак:

- Сіз оқиға кейіпкерімен дос болуды қалар ма едіңіз?
- Сізге кейіпкердің бойындағы қандай қасиеттері ұнады немесе керісінше ұнамайды?
- Кейіпкердің дәл осындай шешімді, мұндай мінез-құлықты таңдауына не ықпал етті немесе не итермеледі?
- Мінезінің қандай қасиеттерін байқадыңыз?
- Қалай ойлайсындар, кейіпкер өзін дұрыс ұстады ма?
- Ол неге басқаша шешім қабылдамады, неге бұлай істеді?
- Кейіпкерге қандай кеңес берер едіңіз?
- Шығармадағы кейіпкердің орнында сіз кейіпкер болсаңыз не істер едіңіз?
- Шығармада болып жатқан оқиғада кім ретінде қатысқыңыз келеді?
- Егер шығарма кейіпкері сізбен бірге оқыған болса, сіздің сыныбыңыздың өмірінде не өзгереді деп ойлайсыз?

Көркем мәтінді талдау барысында мұғалім қолданатын ұқсас сұрақтар бастауыш сынып оқушысының аналитикалық және эмоционалдық белсенділігін арттырады және тәрбиелік ықпалы бар, өйткені олар кейіпкерлердің мінез-құлқын бағалауға және түсінуге көмектеседі, кейіпкердің мінез-құлқын бағалайды. Әдеби шығарманы талдау кезінде мұғалім балаға автор сипаттаған

жағдайға араласуға көмектесіп, оның тәжірибесін шығарманың адамгершілік атмосферасының негізгі ағымына бағыттауы керек.

Ендеше, жас жеткіншектерді отансүйгіштікке тәрбиелеуде көркем әдебиеттің рөлі орасан зор. Көркем әдебиеттің адамның шығармашылық қабілеттері мен адамгершілік қасиеттері әсері мол. Әдеби шығарманың әсер етуінің тиімділігі мұғалімнің оқылғанды терең және эмоционалды түсіну үшін қолданатын нақты әдістері мен тәсілдеріне байланысты.

Әдебиет сабақтарында оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу міндеттерін шешудің басты шарты – оқушының көркем шығармаларды толық оқып, терең талдауды жеке тұлғалық мәні бар ұйымдастыру. Бастауыш сыныптарда оқушылардың көркем мәтіннің бейнелі сипаты туралы түсініктер қаланады, шығарманы тұтас талдауға негіз жасалады, суретті көру қабілеті қалыптасады, автор салған, оның ойын түсіну, сезімімен бөлісу т.б. қалыптасады. Шығарма кейіпкерлерін тамашалай отырып, оқушылар кейіпкердің мінезі мен оның халық ауыз әдебиеті мен әдебиеттегі жасалу жолдары туралы алғашқы түсініктер алады.

Көркем шығарманы біртұтас және эпизодтарды бөліп көрсету, адам мінезінің әрекетте қалай көрінетінін көре білу, оған баға беру – жетекші оқу дағдысы және көркем шығарманы өмірмен байланыстырудың басты шарты. Жұмыс кезінде бала өмірдің маңызды мәселелері туралы: шындық пен өтірік, махаббат пен жек көру, жамандық пен жақсылықтың бастауы, адамның мүмкіндіктері және оның әлемдегі орны туралы ойлауы керек.

Қорыта айтқанда, бастауыш мектеп жасы отансүйгіштікке тәрбиелеуге ең қолайлы кезең, өйткені бұл жаста балалар қоғам өмірі, адамдар арасындағы қарым-қатынас, мінез-құлықтың әртүрлі тәсілдері туралы білімді белсенді түрде алып, жинақтайды. Сондықтан да қазіргі кезде патриотизм сынды адамгершілік сезім бастауыш, жалпы білім берудің тұлғалық нәтижелерінің бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы». Қ.Р. Президентінің Жарлығы Астана, Ақорда, 2006 ж. қазанның 10-ы. №200
2. Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады // Егемен Қазақстан. – 10 қаңтар. — 1998. — 25-б.
3. Тухфатуллина Е.А. Художественная литература как средство патриотического воспитания младших школьников/ Е.Ф. Тухфатуллина–Режим доступа –URL:<https://kopilkaurokov.ru/> (Дата обращения 14.01.2017)



*Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек,
тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы,
ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі.*

әл-Фараби



ПЕДАГОГ ШЕБЕРХАНАСЫ МАСТЕРСКАЯ ПЕДАГОГА



ОНДЫҚ БӨЛШЕКТЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ МЕН ОҚЫЛУЫ



Ерембаева Мөлдір Арқабайқызы,

математика пән мұғалімі,

№ 13 орта мектеп (арнаулы сыныптарымен)

Жетісу облысы, Талдықорған қаласы

«Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет».

Қасым-Жомарт Тоқаев

Заманға сай отбасында бала тәрбиелеу аса үлкен жауапкершілік пен білімді талап етеді. Адам үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Өмірге келген нәрестеге ана махаббаты мен кіршіксіз таза көңілі ауадай қажет. Мемлекет болашағының кепілі жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазіргі кезеңде жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру – мұғалім құзыретіндегі игі іс екені барша ұстаздарға белгілі. Сондықтан да әр сабақты түрлі тәсілдермен, оқушыны қызықтыра алатындай әдістерді қолдану арқылы ұйымдастыру әрбір мұғалімнің міндеті. Сол себепті оқыту технологияларының жаңашыл әдіс-тәсілдерін қолданып, оқушының сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытып, дұрыс кері байланыс беруге жетелеудеміз. Бұл жолда мұғалім де үнемі ізденіп, жаңашыл болуға және әрдайым өз білімін жетілдіріп, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруі міндетті.

Өзім қызмет атқаратын №13 орта мектебінде әріптестерім күнделікті жұмысының бөлігі ретінде коучинг пен педагогикалық оқуларды жүргізуді, оқушылар тарапынан кері байланыс ала отырып, оқушы үнін ескере отырып сабақ жоспарларын құру арқылы Lesson Study зерттеу сабақтарын өткізуде. Мен осындай сабақтың бірін математика пәнінен 5 «Б» сыныбында өткіздім. Бұл менің бала күтіміне байланысты демалыстан шыққан бірінші жылда өткізген алғашқы зерттеу сабағым. Сабағыма тоқтала кететін болсам, сыни тұрғысынан ойлау технологияларының элементтерін пайдаландым. Алғашқыда өзім құрастырған тапсырмаларыммен әдіс-тәсілдерім қолдандым. Осы сабақ жоспары әріптестеріммен бірігіп кеңесу, зерттеу мақсатымызға сай өзгертулер енгізу мақсатында құрылған «Фокус» тобында талқыланды. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша сын тұрғысынан ойлауға арналған тиімді әдіс-тәсілдер қолданылды.

Сабақ тақырыбы: «Ондық бөлшектердің жазылуы мен оқылуы». Оқу мақсаты: 5.1.1.13 ондық бөлшек ұғымын меңгеру; 5.5.2.5 ондық бөлшектерді оқу және жазу; осы екі мақсатқа сай сабақ мақсаты құрылды. Сабақ өту барысына тоқтала кететін болсам: ұйымдастыру кезеңі, топқа бөлу, өткен тақырыпты қайталау. Негізгі бөлім: жаңа сабақ, оқылуы, жазылуы, тапсырмалар орындау, топпен жұмыс, жеке жұмыс. Сабақ соңы: кері байланыс, рефлексия, үйге тапсырма берілді.

Ұйымдастыру кезеңінде ойын әдісін пайдаланып *«теңіз бойына саяхат»* деп оқушылардың қиялдарын, көз алдыларына елестету қабілеттерін дамытуға бағытталды. Толығырақ тоқтала кететін болсам топқа бөлу барысында ондық бөлшектердің разрядтарына сай бөлінді, яғни, ондықтар, жүздіктер, мыңдықтар. Жаңа сабақ түсіндіру барысында байланыс болды. «Миға шабуыл» әдісі арқылы сұрақ қойып, топтарының аттарының байланысын түсіндірді. Сонымен қатар, оқушылар «Пазл әдісін» пайдалану арқылы топқа бөлінген қағаз қиындыларынан, үлгілі, өнегелі болуға, жақсы оқуға арналған мақал- мәтелдердің мәтінін құрастырып, дауыстап оқыды. Мақал-мәтелдердің мазмұнына байланысты ой-пікірлерімен бөлісті.

«Класстер әдісі» арқылы өткен тақырыпты қайталадық. Бірнеше порттарға тоқталып, тапсырмалар орындадық. Порттар да разрядтарға байланысты болды. Тапсырмалар жеке, топпен, жұппен орындалатын тапсырмалар болды. Әр тапсырмаға сәйкесінше дескриптор құру арқылы

оқушының нені меңгергенін, нені жасай алғанын, жетістікке қалай жеткенін оқушының өзі саралап түсінетеніндей жағдай жасауға тырыстым.

Қосымша оқушылардың елестеу арқылы қиялдарын дамыту мақсатында «балық аулау» тапсырмаларын орындады. Үкі ұшып келіп, телеграмм арқылы тапсырмалар таратып, топпен жұмыс жасауға «постер» арқылы тақырыбымызды аштық. Оқушылардың логикасын дамытуға тапсырмалар орындады. Сабағым өте қызықты, жан-жақты, пән аралық байланыс та болды, оқушыларға оқу мақсатына жетуге тиімді болды. Алған барлық әдіс тәсілдерім тиімді, оқушыларға тақырыпты меңгеруге оңай, жеңіл болды.

Зерттеу сабақ соңында оқушылармен сұхбат жүргізілді. Және де осы зерттеу арқылы С тобындағы оқушы ашылып, лидерлік қасиеті бар екенін басым екенін байқадық. А тобындағы оқушы сабақты толығымен жеңіл жақсы түсінгенін байқадық. В тобындағы оқушы ұстаз түсіндіргенде ғана түсінетінін анықтадық.

Біздің мектепте тренер мұғалімдер тәлімгерлік жасап, әртүрлі тиімді коучингтар өткізіп, тиімді тәсілдерді үйретті. Сондай ақ, жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша өткен курстарым «Өрлеуде», «Назарбаев зияткерлік мектебінде» өткен біліктілік арттыру курсынан алған білімнің көмегі орасан зор болды.

Жалпы сабағымның қорытындысы жақсы нәтижеге жеткізді. Оқушылардың өзара қарым-қатынасы да нығайып, ұйымшылдыққа, адамгершілікке, бауырмашылдыққа үйретті. Жан-жақты жиналған білімді, өз тәжірибиемде тиімді қолдана білдім деп ойлаймын, сондықтан да жаңартылған білім мазмұны бойынша өткізіліп отырған сабақтар қазіргі таңда оқушылардың сабақта өздерін еркін ұстауына, бірлесіп немесе жеке жұмыс жасауына және де өздерін тәуелсіз тұлға ретінде дамуына үлкен үлес қосқаныма қуаныштымын.

АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ КРОСС-КУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Жайлаубаева Лаззат Амангельдиевна,
учитель русского языка и литературы

КГУ СШ №40 Илийского района

Рыскелдиева Рита Рыскелдиевна,

учитель русского языка и литературы

КГУ ОСШ №2 им. С.Сейфуллина Талгарского района

Садиебекова Балауса Молдахыновна,

учитель русского языка и литературы

КГУ ОСШ №2 им. С.Сейфуллина Талгарского района

Аннотация: *проблема формирования кросс-культурной компетентности студентов средствами литературы является на сегодняшний день общей социально-педагогической проблемой. Современная ситуация как в мире так и непосредственно в Республике Казахстан характеризуется, как увеличением межкультурных контактов так и проблемой достижения согласия и взаимопонимания между представителями различных этносоциальных культур. На сегодня недостаточно формировать в обучающихся только предметную грамотность, так как образование-это социокультурное пространство которое является тем полем, которое может воссоздавать многообразие непохожих между собой культур. В данной статье обсуждается именно причина формирования обучающимися кросс-культурной компетентности как важного элемента. Проведен анализ термина «кросс-культурная компетентность», а также различные активные и интерактивные учебные стратегии обучения применяемые на занятиях русской литературы.*

Ключевые слова: *кросс-культурность, образование, учащиеся, методы и приемы*

Трудности формирования кросс-культурной компетентности студентов средствами литературы как будущих педагогов является социально-педагогической проблемой не нынешнего дня, но наиболее остро она проявляет себя именно в данное время, так как на сегодня ситуация в Республике Казахстан сложилась таким образом; с одной стороны, в связи с вступлением Республики Казахстан в образовательный Болонский процесс и соответственно сближением системы Казахстанского высшего образования с образовательными системами Европейских стран, что в свою очередь повлекло к мощному расширению межкультурных контактов, а с другой – проблемой понимания культуры, идентичности и взаимопонимания других народов. Конечно современное образование не может решить все проблемы стоящие перед нашим обществом, но оно может внести большой вклад в формирование кросс-культурной компетентности молодого поколения, что в свою очередь развит в молодых людях такие ценности как толерантность интерес и уважение к культуре другого народа, эмпатии и трансфекции. Для эффективного существования в современном глобальном мире, обучающиеся обязаны уметь представить себе конкретную цель, и для достижения цели опираться на запланированную деятельность с учетом прогнозов возможных ситуации. Достижение любой цели становится возможным благодаря использованию на своих занятиях активных методов обучения, которые обеспечивают у обучающихся способность самостоятельно ставить учебные цели, проектировать пути их реализации, контролировать и оценивать свои достижения. Исходя из анализа различных источников, приходим к выводу, что кросс- культурная компетентность – это индивидуальное свойство качества личности, формирующееся посредством понимания чужой культуры, обычаев и традиции.

Исходя из методических принципов создается понимание, что, кросс-культурная компетенция выполняет следующие функции:

- ☐ ☐ информационную,
- ☐ ☐ когнитивную,
- ☐ ☐ стимулирующую,
- ☐ ☐ сопоставительную.

Информационная функция ответственна за то, чтобы представители различных этнокультур обменивались информацией и опытом коммуницирования в социокультурном пространстве. Когнитивная подразумевает понимание окружающего мира и национально-культурных особенностей страны пребывания. Стимулирующая функция мотивирует на освоение национально-культурных особенностей чужой страны, ее истории и традиций. Сопоставительная функция, это функция анализирующая, синтезирующая и оценочная, с помощью которой кросс-культурная компетенция может соотнести полученные знания о культуре как изучаемого языка с культурой родного, так и литературы.

Стоит отметить, что обучающиеся смогут овладеть кросс-культурной компетенцией при условии, если они будут знать особенности речевого этикета изучаемой страны, для того чтобы лучше воспринимать информацию первоисточника. Исходя из вышеизложенного очевидным является, что одной из основ этих навыков у школьников, являются средства русской литературы, так как грамотность чтения и понимания прочитанного это тот фундамент, с помощью которого у личности формируется вышеуказанные понимания кросс-культурности. Литература – один из наиболее доступных и эффективных способов достижения этой цели. В связи с этим, задачей современного педагога является актуализировать необходимость не только подачи учебного материала, но и формирования кросс-культурной компетентностей у учащихся. Кросс-культурная компетентность как научная проблема изучалась многими ученым и трактовалась по-разному, а именно как многокультурная компетентность, компетентность многообразия, межкультурная компетентность, кросс-культурная эффективность, кросс-культурная грамотность и т. д. Но по сути своей они являются синонимами. Так, формирование профессиональной компетентности студентов вуза а также различные аспекты профессиональной подготовки будущих учителей рассматривались; В.С. Библер, А.С. Кармин, Э.С. Маркарян, И. Тэн и др.); моделирования (А.У. Варданян, Б.А. Глинский, Б.С. Грязнов, А.М. Сохор, А.И. Уемов, В.А. Штофф, У.Р. Эшби и др.); компетентностного подхода (Э.Ф. Зеер, Л.Ф. Иванова, Ю.В. Кайнов, В.А. Кальней, А.В. Хуторский

и др.); профессионально-педагогической компетентности (В.А. Адольф, А.С. Бароненко, Ю.В. Варданын, И.О. Кстлярова, А.К.Маркова и др.

Так А.Т. Колесовская в своей диссертационной работе, рассматривает кросс-культурную компетентность как интегральное качество личности, включающее знание и понимание об особенностях иной культуры и умения применять такого коммуникативного качества личности как эмпатию и толерантность [1].

Интересно мнение Р. Хенви, который в своем труде «Достижимая глобальная перспектива» указал на то, что кросс-культурная компетентность есть постижение особенностей культуры и народа – ее носителя на уровне сознания, различий между своей и чужой культурами:

□ готовность их понять при наличии таких черт личности как эмпатия, толерантность и др.

□ проявление уважения и терпимости к разным привычкам, вкусам, взглядам, нормам жизни. [2]

В свою очередь В.Т. Рошупкин определяет кросс-культурную компетентность как «способность, умения человека принимать содержание и форму культуры другого народа, участвовать в совместной культурной деятельности, обогащающей и развивающей его как личность» [3]. Не менее интересна мысль Прокопеня Г.В. считает, что кросс-культурная компетенция – вид сравнительного исследования, объектом и предметом которого выступает культура [4]. Исходя из вышеперечисленного приходим к выводу, что кросс-культурная компетентность – это личностное качество и коммуникативные умения человека формирующееся посредством проникновения в чужую культуру, наследие, традицию, историю, этимологию, а также процесс обмена культурного опыта с гражданами другой страны.

Вместе с тем необходимо отметить, что в работах ученых исследовавших данное направление понимания взаимоотношения культур не достаточно внимания уделяется методам и стратегиям формирования развития кросс-культурной компетентности обучающихся. А ведь для формирования кросс-культурной компетентности необходимо использование наиболее эффективных методов и приемов. Рассмотрим некоторые стратегии, необходимые для формирования кросс-культурной компетентности студентов вуза.

Анализ конкретных ситуаций. Этот метод направлен на развитие исследовательских методов с помощью ситуационной задачи и выбора правильного решения. Ситуационные задачи могут быть стандартные, критические и экстремальные. Обучение анализу ситуации предполагает проведение следующих этапов:

- подготовка сценария ситуационной задачи;
- подготовка наводящих и провоцирующих вопросов для обучающихся;
- изучением ситуации;
- дискуссия;
- беседа с принятием определенного решения.

Обучение методу анализа помогает приобретать дополнительные знания, учиться избегать конфликтных или иных тревожных ситуаций неверных решений. Осознанное видение и анализ, а также последующее прогнозирование.

Решение практических задач. При помощи этой стратегии преподаватель формирует у обучающегося навыки решения критических или экстремальных ситуаций, задач. Данная активная стратегия состоит из следующих этапов:

- постановка практической ситуации;
- создание критериев решения ситуации или проблемы;
- дискуссия по предложениям, выдвинутым для решения ситуации, задачи;
- выбор правильного варианта решения ситуации, задачи.

Включая в учебный процесс практические ситуации, задачи, преподаватель должен исходить из следующего положения: не ситуации, задачи нужны для закрепления знаний, а не наоборот, когда знания нужны для решения ситуаций, задач.

Методы «круглого стола». Идея заключается в групповом поиске решения проблемы. Необходимо, чтобы участники не сидели пассивно, слушая педагога, а являлись главными действующими лицами занятия. Они думают и вспоминают про себя, делятся рассуждениями друг с другом, читают, пишут, обсуждают прочитанное. Использование этого метода способствует

выработке у обучающихся умения спорить, аргументировано, с научной точки зрения доказывать, защищать и отстаивать свое мнение, прислушиваться к мнению других.

«Дебаты» по методу Карла Поппера. Идея этой стратегии – структурированное обсуждение, построенное на основе заранее фиксированных выступлений участников – представителей двух противостоящих, соперничающих команд: «Команда утверждения», «Команда отрицания». (Каждая команда по три человека), данная форма обучения-интерактивная и способствует развитию речи, повышает интерес к изучаемому предмету и способствует повышению качества обучения, позволяет использовать обучающимся различные источники информации.

Метод физического реагирования. Во время заданий метод физического реагирования помогает учащимся понять язык, рассматриваемый педагогом. Понимание поддерживается за счет использования картинок, жестов и действий. Таким образом, учащиеся понимают «входную информацию» и демонстрируют свое понимание физически, а не через языковой «результат», потому что от учащихся ожидается физическая реакция, что помогает развитию памяти и построению набора соответствующей лексики.

Метод «Акрослово». Акрослово – это слова-аргументы, начинающиеся на буквы ключевого слова, расположенные по вертикали. Например, на уроке литературы обучающимся можно дать задание: охарактеризовать главного героя произведения Оскара Уайльда «Соловей и роза», используя приём «Акрослово». Необходимо подобрать образные определения, начинающиеся на каждую букву слова «Соловей». Эти определения обязательно должны раскрыть образ главного героя.

С - смелый

О - отважный

Л - любящий

О - отчаянный

В - великодушный

Е - естественный

Й=И – истинный

«ПОПС-формула» как один из приёмов развития письменной и устной речи на уроках русского языка и литературы используется при выполнении упражнений, в которых нужно занять определенную позицию.

Использование на уроках русского языка «ПОПС-формулы через чтение и письмо» позволяет и дать образец языка, и активизировать деятельность школьника. Таким образом на основании вышесказанного полагаем:

1. Внедрение кросс-культурного элемента в преподавание литературы как в школе так и в вузе способствует плодотворному вхождению обучающихся в контекст культуры и обеспечивает формирование и развитие мировоззренческого стержня личности учащихся.

казахский язык выступает в качестве государственного. Самые объективные и взвешенные прогнозы показывают, что еще довольно долго роль русского и казахского языков во всех сферах жизни будет оставаться сбалансированной. Это следует признать нормальным уже потому, что русский язык, литература и культура стали неотъемлемой частью духовной жизни всего казахстанского населения, особенно казахского народа, средством познания мира, формирования мировоззрения. В связи с этим перед учителями русского языка и литературы стоят задачи следующего характера: Обеспечить образовательные условия, которые дадут ребенку возможность глубоко раскрыть его потенциальные возможности. Направить педагогический поиск на достижение высокого качества и эффективности обучения через интеграцию инновационного и образовательного процесса. Продолжить мониторинг успеваемости и качества знаний учащихся, углубить инновационные процессы. Продолжить дальнейшее развитие освоения новых эффективных технологий обучения и программ дифференцированного обучения. Для реализации этих задач учитель должен помочь раскрыться каждому ученику, создать оптимальные условия для его становления личностного роста развития, так как учащиеся не всегда осознают свои возможности. Но не все так просто. Для успешного решения вышеназванных задач нужно решить множество проблем, особенно характерных для школ, расположенных в сельской местности. Назовем основные из них:

Отсутствие языковой среды, особенно в отдаленных школах, расположенных в глубинке. В нашем районе в отдаленных от райцентра селах нет русскоязычного населения, нет смешанных школ, а тем более школ с русским языком обучения. Дети вынуждены слушать русскую речь только на уроках русского языка и литературы, притом что этих уроков мало – всего 3 часа в неделю: 2 часа русского языка, 1 час литературы.

Вторая проблема – это ограниченное количество часов, отведенных на изучение русского языка, в 5-9 классах на изучение русского языка отводится всего 2 часа, а на литературу – 1 час. Хотя по программе требуется усвоение учащимися огромного теоретического материала, от учащихся казахских классов требуют грамотного письма, почти как в русских классах, хотя там отводится вдвое больше часов на изучение этого предмета.

Третья проблема – это плохое качество учебников, которые не выдерживают никакой критики. Учебники неинтересные, непривлекательные, без иллюстраций, некрасочные, и даже встречаются ошибки в отдельных материалах теоретического характера. Как известно в учебниках по русскому языку в казахских классах много текстового материала, что связано в первую очередь с введением тезаурусно-ориентированной модели обучения. Многие тексты очень объемные, темы зачастую не связаны ни с языком, ни с литературой. Конечно, учитель должен варьировать содержание урока, но это же учебник, и если основной материал связан с этим текстом, то поневоле приходится обращаться к нему. При этом основная масса заданий к этим текстам связана не столько с комплексным анализом текста, сколько с воспроизведением отдельных его фрагментов. Основная масса текстов трудна по содержанию, ориентирована на учащихся, свободно владеющих русским языком, как правило, это ребята из городов, из северных областей, где высок процент русскоязычного населения. А детям из глубинки, из сельской местности, из южных регионов приходится очень трудно, так как они не владеют даже разговорным языком, не говоря уже о научных терминах. А самое важное то, что на уроках языка мы же должны заниматься повторением и обобщением языкового материала грамматического плана, который все же является более важным в плане свободного владения языком, тем более сегодня, когда учащимся предлагается сдавать экзамен в виде тестов. Не лишними были бы на уроках русского языка фрагменты произведений русскоязычных казахстанских писателей, которые дают нам великолепные образцы русской речи. Это дало бы возможность работать над художественными средствами языка, развивать навыки комплексного анализа текста, при этом изучение языка носило бы воспитательный и развивающий характер. Все это не исключает присутствия в учебнике текстов информативно-познавательного характера.

Пятая проблема – это отсутствие материально-технической базы, нехватка учебных кабинетов, отсутствие учебно-методического комплекса, таблиц, наглядно-иллюстрационных материалов, технических средств обучения, опять-таки особенно в школах, расположенных в сельской местности, особенно в глубинке. [4]

У русского языка главная задача – способствовать межнациональному общению, взаимопониманию, расширению возможностей ученика в плане его перспективности. Это значит, что главная задача – работа по развитию коммуникативной компетенции каждого учащегося.

Принцип комплексного овладения нормами русского языка определил структурно – композиционное построение видов работ на уроках русского языка. В разрешении практических задач овладению языком значительную роль играет аналитико-синтаксическая работа над связным текстом и речевая практика. В основу почти каждого параграфа положен текст. Упражнения, составленные на основе связного текста, содержат расположенные в определенной последовательности орфоэпические, орфографические, лексические, грамматические и речевые задания. Таким образом, лишь после тщательного анализа всех языковых особенностей текста школьники воспроизводят его содержание в устной или письменной форме. С целью развития аналитического мышления школьников надо подбирать упражнения, требующие сравнения и сопоставления языковых закономерностей. Такие упражнения помогают установить логическую связь между пройденным ранее и изучаемым на данном уроке, а также обеспечить преемственность при переходе от известного к новому. Наблюдения над языковым материалом, сравнения и сопоставления изучаемого с ранее пройденным материалом активизируют восприятие и усвоение учащимися новых знаний, способствует развитию самостоятельного мышления. Работа на материале связных текстов дает возможность проводить систематическую работу по привитию навыков выразительно чтения.

Надо постоянно требовать от учащихся правильного, четкого произношения звуков и звукосочетаний, а также выразительного чтения текста. Выразительное чтение предполагает:

А) соблюдение знаков препинания (связь определенной интонации с содержанием предложения);

Б) правильную постановку логического ударения с целью выделения наиболее важных слов в предложении;

В) нужный темп и ритм чтения;

Г) правильное интонирование предложений. [5]

В это широкое понятие входит использование всех средств выразительности: ударений, пауз, темпа и ритма, которые объединяются в нераздельную совокупность с помощью эмоционально-смысловой окраски, определяемой содержанием текста или предложения. Нужно наглядно показывать логические паузы и ударения: короткую паузу отмечать одной вертикальной линией, а долгую – двумя. Над словами, которые надо выделить, произнести более высоким тоном, поставить знак /. Например: Отговорила роща золотая / березовым/ веселым языком // И журавли / печально пролетая/ уж не жалеют больше ни о ком//... Такие условные знаки облегчают наблюдения за интонацией при чтении текста учителем, а главное, помогают учащимся соблюдать паузы и логические ударения при самостоятельном чтении.

Особенно важно работать над интонацией, когда изучаются типы предложений по цели высказывания. Другой важный вид работы в национальных классах – это словарная работа. Лексическое значение непонятных слов учитель объясняет учащимся перед чтением или в ходе чтения текста. Поэтому при подготовке учителю следует определить, значение каких слов текста следует объяснить учащимся. Хорошо если учитель значение русского незнакомого слова может перевести на родной язык. Пути семантизации слов могут быть самыми разнообразными: это показ предмета или его изображения, например, альбома, аллеи, балкона, давать описательное объяснение значения слова, например, вокзал – здание для пассажиров на железнодорожной станции или на пристани. Через подбор синонимов: буря – ураган, известный – популярный, экстренно – срочно. Через подбор антонимов, например, мудрый – глупый, светло-темно. Другой вид работы – это выработка навыков произношения. Для тувинских ребят есть много звуков и словосочетаний, поэтому работа по орфоэпии

потребуется от учителя тщательной подготовки и отбора материала. Основным приемом работы по выработки навыков произношения является имитация, подражание.

Прослушивание образцов правильного произношения с трудными звуками, способствует развитию слуховой памяти учащихся, пониманию речи на слух и его прочное запоминание в речевом потоке. Упражнения в слушание образцов правильного произношения будут эффективными лишь в том случае, если после них последует работа по воспроизведению прослушивания. Учителю надо помнить о том. Что тувинские ребята часто произносят звуки русского языка согласно сложившимся навыкам артикуляции родного языка. Поэтому задания на воспроизведения прослушанного должны сочетаться со звуковым анализом слов. В тоже время необходимо постоянно устанавливать связь между звуковым образом слова и его значением, так как речь – это не только процесс говорения. Но и понимания. Школьники должны знать, что при неправильном произношении слов искажается их смысл, нарушается возможность понимания высказывания.

Еще один вид работы на уроке русского языка – это формирование орфографических навыков. Известно, что практическое овладение русским языком означает не только умение устно и письменно излагать свои мысли, но и орфографически грамотно писать. Добиться успеха в овладении учащимися национальных школ орфографических навыков возможно лишь в том случае, если учитель будет исходить из природы русской орфографии. Дело в том, что орфографические ошибки школьником могут быть обусловлены нарушением морфологического, фонетического и традиционного принципа орфографии. С этим и следует считаться, дифференцируя методические приемы предупреждения ошибок в зависимости от их характера. Например, написание, подчиняющееся морфологическому принципу, требует умения разбираться в составе слова. Поэтому работу над усвоением правописания приставок, суффиксов, корней с безударными гласными, разделительных твердого и мягкого знаков надо сочетать с анализом слов по составу. При усвоении традиционных (исторических) написаний следует особое внимание уделять зрительному и речедвигательному факторам. В соответствии с этим ведущее место занимает упражнение на составлении предложения с заданными словами. Многие слова с непроверяемыми орфограммами в учебнике выделены и взяты в рамки. Надо систематически тренировать учащихся в написании этих слов, практикуя словарные диктанты, включая слова в тексты обучающих диктантов и изложений.

Учебники ориентируют учителя на систематическое повторение правил правописания при изучении новых тем. Этой цели служат упражнения с пропусками букв в словах. Можно составлять диктант на основе слов, взятых из домашних упражнений. Такая работа повышает внимательность школьников к выполняемым упражнениям и будет способствовать прочному закреплению орфографических навыков. Одним из обязательных видов работ на уроках русского языка в национальных классах является работа по развитию связной речи.

Таким образом, обучение русскому языку учащихся национальных школ преследует задачу подготовки их к сознательному и свободному слушанию и говорению. Поэтому кроме контекстной речи очень большое значение приобретает ситуативная речь, т. е. речь, которая протекает в реальной жизненной ситуации и побуждает учащихся к самостоятельным высказываниям. Такую своеобразную жизненную ситуацию помогают создавать диалоги и ситуативные упражнения.

Использованная литература:

1. Черкезова М.В. Литература и культура. //Пособие для учителя национальной школы - М.: ИНПО, 1999. - 125 с.
2. Жумагулов Е. Ж., Девять измерений. //Антология новейшей русской поэзии. - М.,2004 - С. 56-58.
3. Кошербаев Р.Н. Методологические подходы к изучению русской литературы в рамках кросс-культурной компетентности// Сборник междунар. педагогического форума: «Методология цифровой дидактики: современные подходы к обучению на русском языке». - Москва, 2019. - С. 62-68
4. <https://kopilkaurokov.ru/russkiyYazik/prochee/osnovnyie-probiemy-obucheniia-russkomu-iazyku-v-kazakhskikh-klassakh>
5. lib.kzlib.nis.edu.kz

ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ МҰҒАЛІМ

Ахметова Самал Ертаевна,

№5 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Алматы облысы, Іле ауданы

Бүгінгі жастар – «Мәңгілік елдің» болашағы. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық. Қазақстан Республикасының әлем елдерімен терезесі тең қарым-қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын саласының бірі – ғылым мен білім. Ал оны жүзеге асыратын – ұстанымы берік, білімді, жаңа форматтағы мұғалім.

Жаңа форматтағы мұғалім кім? Менің ойымша, қазіргі кезде барша ұстаз қауымы жаңа форматта болуы міндетті. Себебі, мына жылдам дамып келе жатқан заманда білім алып жатқан ұрпаққа сапалы да саналы, жаңа форматта білім беру үшін, өзіміз де заман талабына сай барлық жаңа технологиялармен қаруланған болуымыз керек. Әр ұстаз өз сабағын тақырыпқа сай оқушыларға ойын түрінде өткізе отырып, қызықтыруға болады. Сонда ғана әр уақытта сабақты қызықты әрі оқушының білімге деген қызығушылықтарын оңай баурап алуға болады. Мұғалім информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше, ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек.

Мұғалім мамандығын таңдап, еңбек еткеніме 12 жыл өтіпті. Осы жыл аралығында оқушылармен жұмыс жасай отырып, өзім де ізденіп, білімімді шыңдап келемін. Мұғалімнің жұмысы күрделі екендігі баршаға аян. Бүгінгі сабақты өткен соң, ертеңгі сабаққа тың ой, жаңа идея, өзгеше әдіс-тәсілмен келу керек. Қазіргі таңдағы ұстазға деген талап жан-жақтылықты қажет етеді. Ал осы талапқа сай болып, білімді де білікті, жаңа форматтағы ұстаз атану үшін мұғалім дамылсыз білімін шыңдап отыруы қажет деп білемін. Қазіргі кездегі дамыған елдің қатарына қосылу үшін мұғалімдердің деңгейлік курстан өтуі басты назарға алынып отыр. Қаншама мұғалім аталмыш курстан өтіп, жаңа форматтағы мұғалім атанып жүрген жайы бар. Ал енді сындарлы оқытуда мұғалім тек бақылаушы, бағыттаушы ғана болуы керек. Біздің дамып жатқан заманда өсіп келе жатқан ұрпағымыздың ой-санасы туралы пікіріміз дұрыс болуы керек. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауының дамығаны соншалықты, өзіміз ойламаған нәрселерді айтып, күтілген нәтижеден де жоғары нәтижеге қол жеткізіп жүрмін.

Қазіргі кезде сындарлы оқыту бойынша оқушыларға білім беріп келемін. Сындарлы оқытудың оқушы мен мұғалімге берері мол. Оқушы өз ойын еркін жеткізіп, сұрақ құрып, сөйлеу тілі дамып, достары арасындағы ынтымақтастығы артса, ал мұғалім оқушыларға көпірше болу арқылы тек бағыт-бағдар бере алады. Бүгінгі сабағына кері байланыс алып, ертеңгі сабақты дұрыс, оқушыға қызықты етіп жоспарлауға мүмкіндік жасалған. Сындарлы оқытудың ең басты талабы: жоспарды дұрыс құру, сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтижесін дұрыс жоспарлау. Жоспар құруда SMART жүйесіне сүйене құруға назар аударылады.

- *(Specific)* Спецификалық, нақтылы. Яғни не нәрсеге қол жеткізу қажет.
- *(Measurable)* Өлшеуге болатын. Яғни мақсатқа жеттік деп айта алатындай болу керек.
- *(Achievable)* Қолжетімді. Яғни іс-әрекетке негізделген. Себебі нақтылы қандай іс-әрекет өзімізге қажет нәтиже беретінін түсінуіміз қажет.
- *(Realistic)* Шындыққа негізделген. Яғни қойылған мақсатқа жете алатындай.
- *(Timely)* Нақтылы мерзімі және мақсатты жүзеге асыратын орынды құралдары болу керек.

Құрылған жоспар нақтылы, қолжетімді, шындыққа негізделген болса, сабағымыз да осы сарында өтпек. Ал сабақтың жемісті өтуі – әрбір мұғалім үшін үлкен жеңіс деп білемін.

Қорыта келгенде, «Мәңгілік елдің» болашақ жастарын тәрбиелеуде жаңа сарында білім беру әрбір ұстаздың борышы. Оқушыларға сапалы да саналы білім беруде алдымызға жан салмай еңбек етейік, құрметті ұстаздар қауымы! Себебі еліміздің болашағы осы жастардың қолында.



Тұлға Личность



ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ШАМЫН ЖАҚҚАН ШЫРАҚ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Кашкинбаева Гаухар Байжумановна,
«№ 73 мектеп-гимназия» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

*«Ұлтына, жұртына қызмет ету-білімнен емес, мінезден»
Әлихан Бөкейханұлы*

Қазақ тарихында, ұлтына білімі мен өр мінезі арқылы адал қызмет еткен, жаны мен тәнін ұлтының ұлт болып қалыптасу жолына арнаған ұлы тұлғалар көп. Алаш рухынан нәр алған, ұлттық болмыстан бастау алған алаш зиялыларының бірі де, бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ұлы дала ұрпақтары ұлттық тілде сауатын ашып, оқуын өз тілінде жалғастыруын аңсаған ұлттың ұлы ұстазы. Ұлылықтың шамын жаққан шырақ. Өмірі аңыз, шығармашылығы маңызға ие болған ағартушы туралы ұрпақтары қаншалықты біледі?! Ұлт ұстазының әдеби, бай мұрасын өскелең ұрпақтың санасына сіңіре алдық па?! Алаштың арда азаматының шығармашылығын дәріптеп, өз дәрежесіне сай құрметтеп жүрміз бе?! Біз ұлы тұлғаның бай мұрасын толық зерттеп, зерделей алдық па? Біз алдыңғы толқын аға буындар, ұлт ұстазының әдеби мол мұрасын өз биігіне лайықты қадірлеп, қастерлеп кейінгі толқынға дұрыс насихаттай алдық па? Бұл жауабы терең толғанысты, өткір ойды күтетін сұрақтар.

Бүкіл ғұмырын қара қазан, сары бала қамы үшін, масадай ызыңдап, халықтың санасын ояту үшін, жас ұрпақты сауаттандырып, білім беру үшін арнаған ұлт көсемі туралы жазылар жыр, айтылар сыр әлі де көп-ақ.

Адамдық диқаншысы – қырға шықтым,

Көлі жоқ, көгалы жоқ қырға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көтеруге құл халықтың. – деген өлең жолдарынан-ақ, алаш арысының өмірлік миссиясын айқын аңғаруға болады.

Ахмет Байтұрсынұлы – еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен қоғам қайраткері, ақын, қазақтың тұңғыш әдебиет теоретигі, лингвист, фольклоршы, түркітанушы, аудармашы, ағартушы ғалым. Ұлт ұстазының көп қырлы қызметін осылай тізбектеп айта беруге болады. Ахмет Байтұрсынұлының қай шығармасын алып қарасаңыз да, ұлттық тарих, ұлттық мүдде, ұлтжандылықтың иісі аңқып тұрады. Тұла бойы намыстан жаралған аңыз тұлғаның елім маған не береді деп емес, мен еліме не бере аламын деп өмір сүргені айдан анық. Ахмет Байтұрсынұлының ұлтына сіңірген ұланғайыр еңбегі әр саладан көрінеді. Мәселен, ол – ең бірінші, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсаған ағартушы, ең алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы, екіншіден, қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, қоғам қайраткері, үшіншіден, өнер иесі – ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де зерттеген ғалым және халықтың тез сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалап, ұлттық деңгейге көтерген бірегей тұлға.

Ұлт ұстазының кеңінен зерттеуді қажет ететін тағы бір қыры – музыкалық қабілеті. Ол домбыра, скрипка, фортепиано аспаптарында еркін ойнай білген. Қазақтың қара өлеңіне, ән өнеріне қосқан үлесі орасан зор, А.Затаевичке 25 ән жаздырған. Оны зерттеушінің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағынан кездестіруге болады. Сол әндердің ішінде ұлт көсемінің қаламынан туған төл туындылары да бар. Көрнекті қайраткердің композиторлық қабілеті бар екенін көпшіліктің бірі білсе, бірі білмес. Кезіндегі отаршылдық биліктің кесірінен Аханның әндері, осы күнге дейін халық әндері болып жетті. Бұл әндердің ел ішінде, кеңінен таралып, сүйіспеншілікке ие болған «Ақ құм», «Екі жирен», «Қаракөз» әндері еді. Ал шындығына келер болсақ, бұл әндердің сөзі мен әнін жазған ұлт ұстазы еді. Меніңше, ұлт ұстазының 150 жылдық мерейтойына орай А.Байтұрсынұлының композиторлық қырындағы өлеңдері, бірінші кезекте өзіне қайтарылса екен деймін.

Ұлт ұстазы бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс алып келді. Осылайша, қазақ баспасөзінің іргетасын қалады. Қазақ кәсіби журналистикасының қайнар көзі, бастауы болды. Ол қандай істі болмасын жүйелі істеп, ғылыми тұрғыдан зерттеді. Ұлт ұстазының қалдырған мұрасы әлі күнге дейін өзекті, өміршең болып қала береді. Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті екені айдан анық. Осы тұрғыда, қазақ тіл білімін танып білуде тіл жанашырының «Оқу құралы» мен «Тіл құралы» баға жетпес бай мұрамыз. Оның «Әдебиет танытқыш» атты іргелі еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салып берді. Бұл еңбектердің барлығын бүгінгі күнде бір институт атқара алмайтыны анық. Ең кереметі, XX ғасырдың бірінші жартысында қазақтың көзі енді ашылып келе жатқан кезде жарық көрген Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышын» сол кезде «қазақ әдебиетінің қалыптасуының басында жүрміз» дейтін ақын-жазушыларды былай қойғанда, көрші Ресейдегі, Орта Азиядағы, түркі тілдес елдердегі әдебиет, филология мамандары да мойындады.

Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын сонау Кеңестер Одағы кезінде зерттеген Рымғали Нұрғалиев өзінің «Алып бәйтерек» атты мақаласында: «Қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген... Кісілердің мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман талабына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе патша отаршыларының зорлық-зомбылығы, жуандардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сарындарды Ахмет Байтұрсынов жұмбақтап, тұспалдап, кейде ашық жеткізеді», – дейді. Бұл шығармалардың бәрі де, ақынның танымын да, жүрек түпкірін де, туған жан жүйесінен, жүрегінен терең тербеп шығарған, жүректің төл туындысы, сығындысы болатын. Біріншіден, біз бұл шығармаларды жас ұрпаққа оқытып, санасына сіңіре алуымыз керек. Екіншіден, ұлт көсемінің ұлы мұрасын дәріптеп, кеңінен зерттеп, өз алдына бір төбе етіп оқуымыз керек деп санаймын. Бұл біздің ұлт ұстазы алдындағы қасиетті әрі жауапты борышымыз болмақ!

Ахмет атамыз жазғандай ұлттық құндылықтарымызды болашаққа дәріптейтін оқулықтар көп болған жағдайда ғана елдің ертеңі жарқын болмақ. Ал, ұлттық болмысынан айрылған елдің ертеңі бұлыңғыр. Өз заманында елінің бағы үшін туылып, елінің жоғын түгендеумен өтетін есіл ерлер қашанда туылары сөзсіз. Бірақ-та, Ахмет қазақта жалғыз. Ұлттың рухани көсемінің шығармашылық жолы өлең жазудан басталған. Поэзиялық туындылары арқылы қазақ елін оқуға, білім-ғылымға, өнер іздеуге шақырады. Оның 1909 жылы алғашқы еңбегі «Қырық мысал» кітабы жарық көрді. Бұл еңбегіне ақын Ресейдің отаршылдық саясаты, қанқұйлы озбыр әрекеттерін және туған халқының білімге ұмтылмай, қалың ұйқыда жатқанын тұспалдап, астарлы мағынамен жеткізеді. Бірақ, ақынның ащы мұңы мен зары, еліне деген күйініші мен сүйініші анық көрініс тауып, оқыған адамға үлкен ой салады.

Ұлт ұстазының оқу, білімге қатысты айтылған айшықты ойлары өте көп. Ұстаздық – ұлы құрмет, болашақтың алтын көпірі, тірегі мен жүрегі. Ұрпақтың ұлы болуы, заман талабымен білім арнасына қосылып, өмір белесін бағындыру – тікелей ұлағатты ұстазбен ұштасып сабақтасатыны хақ. Ғасыр жүгін арқалаған, заманының дүбірлі аламынында жас ұрпақты білім мен тәрбиенің кәусар бұлағынан сусындатқан Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ахмет атамыз жайлы жазбау, Алаш ұрпақтарына үлкен сын. Оның ерлігі, азаматтығы, адалдығы, отансүйгіштігі талай азаматтың

бойына шабыт беріп, жанына қуат сыйлады. Ахмет ақырғы сәуле көзден жылт еткенше қазақ деп, Алаш деп өтумен болды. Бұл сөзімізді Сәкен Сейфуллиннің «Өзге оқыған қайраткерлер атақ қуып жүргенде, ұйқыдағы қара халықтың жоғын жоқтап, мұң-мұқтажына көңіл бөлген патшалық Ресей заманында бір ғана тұлға болды, ол – Ахмет Байтұрсынұлы болатын», – деген сөзі ағасына деген шынайы пейілмен айтылған інілік көзқарас болатын. Сол кезеңдегі бар ауыртпашылықты арқасына артып, бойына қазақилықты сіңірген Ахмет атамyz – бүгінгі ұрпақтың кемеңгері. Оның әр істеген ісі, әр сөзі келешек ұрпақтың санасында мәңгілік оттай жанып тұрмақ. Әр қазақ Ахаңның аманаттаған сөзін арқалап, жетер жеріне дейін жеткізері анық. Ұлтының жоғын жоқтаған ұлы тұлға жазықсыз жазғыру мен аяусыз азаптаудың құрбаны болған. Алаш арысының еліне қалдырған мұрасы сарқылмас мол қазына.

Ақынның азаматтық тұлғасына, адамдық болмысына қарай отырып, Абай атамyz айтқан «Толық адам» немесе «Кемел адам» деуге әбден болады. Ұлт ұстазының асыл тұлғасы асқар тау сияқты алыстаған сайын, айбынды болып көрінеді. Оның рухы асқар тау, алып теңіз, төрткүл әлеммен бірге қазақ даласында мәңгі жасайды. Ендігі мақсат, ұлт ұстазының еңбектерін, өмір жолын қайта зерттеу, зерделеу арқылы отансүйгіш, елім дейтін өрен ұрпақты тәрбиелеу. Оның жазған мысалдарының өзі бір ұрпаққа қырық жыл азыл боларлық үлгі, қайталанбас өнеге. Асыл мен жасықтың, саф алтын мен сары жездің айырымын ажырата білетін ұрпақ Ахметтің жасаған көзсіз ерліктеріне, ғылыми ізденістеріне, ғаламат аудармаларына, отты көсемсөздеріне ғылыми тұрғыдан лайықты бағасын береді деп сенеміз.

Осы мақсат жүзеге асқан кезде ғана ұлттың ұлы ұстазының көксеген арманы, мақсат, мұраты, қалдырған аманаты орындалады деп, кәміл сеніммен айта алмақпыз!

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БІЛІМ САЛАСЫНА ЫҚПАЛЫ

**Ибраим Асель Маратовна,
№16 орта мектеп-гимназиясы»
КММ ағылшын тілі пәні мұғалімі
Жетісу облысы, Талдықорған қаласы**

«Қазақ деген – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдылығының өзінде оның көп жақсылығы жатыр, ...өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың борышымыз» деп Ыбырай Алтынсарин айтқан екен. Аса көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының қоғамдық ой-пікірі, мәдениеті мен әдебиеті тарихында жаңашыл-педагог, жаңа мектептердің ұйымдастырушысы, этнограф, фольклоршы, ақын прозашы, қазақ тарихының жанашыры ретінде кеңінен мәлім.

Қазақ даласындағы аумалы-төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жастардың тағдырына терең үңілген Ыбырай Алтынсарин: «Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы» деген тұжырым жасап, жас ұрпақтың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу керектігіне назар аударған.

Қазақтың табиғи қарапайымдылығынан талай жақсылықты табуға болады. Сол кездегі кез-келген жаңалыққа бей-жай қарамайтын қазақ баласы үшін «Қазақ хрестоматиясы» (Орынбор, 1879 жыл) керемет құнды дүние болды. Оның құндылығы неде болды? Бұл кітапқа енгізілген шағын әңгімелер мен өлеңдердің мағынасы жақсы тәрбие беруде, яғни мінез-құлықтың дұрыс қалыптасуында алатын орны ерекше болатын. Тілге жеңіл, түсінікті, көлемі де шағын бұл шығармалар осыдан бір жарым ғасырға жуық уақыт бұрын жазылса да, маңыздылығы арта түспесе кеміген жоқ.

Ұлт ағартушысы мәдениеттен мүлде артта қалған сауатсыз көшпелі халықты қараңғылық тұңғығынан құтқарудың жолын іздестірді. Ы. Алтынсарин ұлы орыс халқының озық мәдениеті мен ілімін арман етті. Осы арманын іске асыру үшін алдымен қазақ елінде орыс-қазақ мектебін ашу керек деп білді: «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы... Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде деп білген.

Алтынсариннің түсінігі бойынша, орыс тілін, орыс мәдениетін тез үйретудің бірден-бір дұрыс жолы – орыс-қазақ мектебінде қазақ балаларын орыс балаларымен қосып бірге оқыту. Ұлы орыс халқымен жақындасудың да, достасудың да, оларды аға тұтып, бірге өмір сүрудің де кілті осында деп тапты.

Ыбырай шығармаларының бірегейі үлкен де, кіші де аузынан тастамайтын қанатты сөзге айналып кеткен «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінде ақын жастарды білім алуға, өнер үйренуге шақырып қана қоймай, білімді адамның сана – сезімі жоғары болатынын, адам тек білім арқылы өз мақсатына қол жеткізе алатынын, заман оқыған көзі ашық жандардікі екенін сөз етеді. Шынымен де солай емес пе? Қазір білімі арқылы өз мақсатын жүзеге асыру үшін жастарға берілетін мүмкіндік те көп. Ол мүмкіндікті пайдалану ұрпақтың ынта-жігеріне байланысты.

Ыбырай Алтынсарин – халықтың қамын ойлаған озық ойлы, жаңашыл ұстаз екені мәлім. Өзінің шығармалары арқылы халқын, қазақ балаларын білімге шақырған тұңғыш ұстаз! Қазақ зияларының көшбасшысы, елдің игілігі үшін аянбай еңбек еткен Ыбырай атамyzдың артында қалдырған баға жетпес мұрасы қазіргі таңда білім саласында ерекше орын алады. Ы.Алтынсариннің келешек ұрпағына қалдарған асыл мұрасы ұлан-ғайыр. Оның шығармаларының тәрбиелік мәні мен мазмұны бүгінгі күнге дейін қолданыста екені сөзсіз. Бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, Ыбырай атамyzдың қай әңгімесін алсақ та, тұнып тұрған білім мен тәрбие, ақылға толы үлгі-өнеге, міне, осылардың бәрі оқушылардың қызығушылығын оятпай қоймайтыны анық. Ыбырай Алтынсарин өз шығармалары арқылы жеке тұлғаның бойында қандай қасиеттерді қалыптастыра алды? Бұл сұраққа кез-келген адам жауап таба алады деп ойлаймын. Себебі, Ыбырай Алтынсариннің қай әңгімесін алсақ та, жақсы мен жаманды салыстыру, өмір суреттерін шынайы көрсету, қанағатшылдық, білімге деген құштарлық, адам бойындағы жақсы қасиеттерді әр адамға бағыттай білетін сөз жетпес байлық пен өсиет екені белгілі.

Ұлы ағартушы орыс-қазақ мектептеріне тек орыс тілін ғана оқытын, оқу, жазуды ғана үйрететін мектептер деп қарауға болмайтынын ескертіп, ол мектептерден оқушыларды тазалыққа дағдыланатын, әр нәрсеге де дұрыс ақыл-оймен қарай білетін етіп шығару керектігін айтқан болатын. Қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына, мысалы, құрғақ, жылы бөлмелерде тұруға үйретудің өзі қазақ даласында тәрбиелік мәні бар жұмыс деп қарады.

Ыбырай Алтынсариннің бала тәрбиесіне қатысты ұлы ағартушылық идеясы оның көркем шығармаларында да, ғылыми мақалаларында көрініс тапты. Ол өзінің әңгімелері арқылы қазақ балаларының заманына лайықты озық азаматтық көзқарасын қалыптастыруды көздеді. Оның бұл педагогикалық қағидалары күні бүгінге дейін бала тәрбиесіндегі маңызын жойған жоқ.

Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап, сөзі жатық, мағыналы әңгімелер жазды. Автордың бұл әңгімелерінің балалар үшін, тәрбиелік рөлі ерекше болғандығы күмән туғызбайды. Қазақ балаларын оқып, білім алуға шақырған үндеуін «Кел, балалар, оқылық», «Өнер, білім бар жұрттар...» деген өлеңдері арқылы жеткізді.

Оқы және тынбай еңбектен. Еңбегіңнің жемісін көр! Бұл жайында ұстаздың «Әке мен бала», «Өрмекші, қарлығаш, құмырсқа», «Атымтай жомарт» әңгімелерінде нақты әрі түсінікті айтылған. Иә, пенде болған соң, аз нәрсеге қанағаттанбай қомсыну, көңіл бөлмеушілік те кездеседі ғой. Сондықтан Ыбырай Алтынсарин балаларды жастайынан жалқаулыққа қарсы тәрбиелей отырып, еңбексүйгіштік қасиетті дамыту әрі еңбек етуге дағдыландыру қажет деген ой қозғайды. Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүруді әдет еткен қазіргі жастарға көп ой салатын бұл әңгімелер өз мандай терінді төгіп еңбектеніп тапқан табысыңның қадірін түсіне білуді, еңбекпен тапқан дәмнің тәттілігі де өзгеше екендігін дәріптейді.

Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүруді әдет еткен қазіргі жастарға көп ой салатын бұл әңгімелер өз маңдай терінді төгіп еңбектеніп тапқан табысыңның қадірін түсіне білуді, еңбекпен тапқан дәмнің тәттілігі де өзгеше екендігін дәріптейді. Ыбырай қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар адамгершілікке, махаббат, достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке, қысқасын айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді. Балаға жастай дұрыс тәрбие беру бүкіл дүниежүзіндегі педагог-ғалымдардың ертеден бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселесінің бірі десек, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы бірінші қазақ педагогі – Ыбырай Алтынсарин.

Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», – деді. Ыбырай Алтынсариннің бала тәрбиесіне қатысты ұлы ағартушылық идеясы оның көркем шығармаларында да, ғылыми мақалаларында көрініс тапты. Ол өзінің әңгімелері арқылы қазақ балаларының заманына лайықты озық азаматтық көзқарасын қалыптастыруды көздеді. Ы. Алтынсарин шығармалары халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарын сипаттайтын этнографиялық мәнде келеді. Ы.Алтынсарин жастарды оқу-білім, өнерге үндегенде құрғақ насихатқа ұрынбайды, айтпақ пікірін оқушы зердесіне сіңіру үшін әртүрлі ұстаздық амал тәсілдерді қолданады. Оның бұл педагогикалық қағидалары күні бүгінге дейін бала тәрбиесіндегі маңызын жойған жоқ.

Ыбырай Алтынсарин мұғалімдердің бала оқытудағы орнын жоғары бағалап: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, ол – мектептің жүрегі» – деген сөзі осы күнге дейін құнын жойған жоқ. Мектеп бағдарламасына Ыбырай Алтынсариннің шығармаларының оқушыға жеңіл, түсінікті оқушының жас ерекшелігін ескере отырып жазған әңгіме, өлеңдері берілген. Оның қай шығармасы болса да баланың тіл мәдениетін көркейтуге, дамытуға әсері мол. Оны балалар сүйіп, ынтыға оқиды. Өзі өшсе де сөзі өшпейді дегендей, өзі жоқ болса да біз үшін оның еңбектері мәңгі өшпейтін мұра болып қалмақ.

Өз ойымды қорытындылай келе:

Бір Құдайға сиынып,

Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық! – деп бүкіл қазақ даласына жар салып, біз секілді жас өрендерді оқуға шақырып, ғылым-білімнің мәнін алғашқылардың бірі болып тәптіштей түсіндіріп берген Ыбырай Алтынсарин. Ұлы Ыбырайдың шығармаларынан менің де ұстаздық еңбек жолымда алғаным көп деп ойлаймын.

Ал «өнер, білім бар жұрттар» өлеңінде сол тұстағы ғылым мен техниканың ең басты жаңалықтары толық қамтылып, өнер мен білімге қолы жеткен халықтың экономикалық жағынан озықтығын әр салада көрсетеді. («Сарай салғызды», «Айшылық алыс жер», «Көзіңді ашып жұмғанша», «Құстай ұшу», «Балықтай жүзу», «Өнер – жігіт көркі», «Сіздерге бердім батамды», т.б. Осы өлеңдерді оқи отырып, атамыздың болашақты көрегендікпен болжай білгендігі, яғни қазіргі заманда техниканың қарқынды дамып, ұрпағының тек орыс тілінде ғана емес басқа да шет тілдерін меңгеріп, заманына қарай білімді, жан-жақты дамыған өскелең ұрпақ болып қалыптасуын армандаған.

Қазіргі таңда ағылшын тілін терең меңгерген әртүрлі саладағы мамандық иелері, жастар дүниежүзінің түкпір-түкпірінде білім алып, мамандығын жетік игеріп, елге оралып Қазақстанның алдыңғы қатардағы елге айналуына өз үлестерін қосуда.

Тұлғасыз ел – тұлдыр, болашағы бұлдыр. Елді алға жетелеп ілгері бастыратын ірі тұлғалары. Ы.Алтынсарин маңайына жарық шашқан сондай ұлы тұлғалардың бірі, өзінен кейінгі талай тұлғалардың тәрбиешісі. Барлық ұстаздардың ұстазы Ыбырай деп нық сеніммен айта аламыз.



ІС-ШАРА МЕРОПРИЯТИЯ




ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДАҒЫ БІЛІКТІЛІК АРТТЫРУ КУРСТАРЫ МЕН КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ ІС- ШАРАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

2023 жылдың 09 қаңтары күні Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу Университетінің оқытушыларына «Педагогикалық шеберлік» қысқы мектебі жұмысын бастады. Қысқы мектептің бағдарламасы 5 күнге жоспарланған.

Қысқы мектептің мақсаты: университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының кәсіби шеберлігін жетілдіру, білім берудің жаңартылған мазмұнын және инновациялық технологияларды оқу процесіне енгізу.

«Педагогикалық шеберлік» қысқы мектебі жұмысына «Өрлеу» Алматы облысы бойынша кәсіби даму институтының «Әдіснама және педагогикалық инновация» кафедрасының аға оқытушысы Л.Ж. Орманбекова қашықтықтан қатысып, «Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытудағы біліктілік арттыру курстары мен курстан кейінгі қолдау іс-шараларының маңызы» тақырыбында дәріс оқыды.

Дәрісте қазіргі білім беру жүйесіндегі мұғалімнің кәсіби білігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің



дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің дамуының алғышарты болып табылатындығы, мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі – нәтижелі білім берудің негізі, оның жан-жақты білімімен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен өлшенетіндігі жайлы айтып өтті.


Сонымен бірге біліктілікті арттыру курстары мен педагогті

курстан кейінгі қолдау іс-шаралардың маңызыдылығына кеңінен тоқталды. Сұрақтар қойылып, тыңдаушылар өз пікірлерін ортаға салды.

*Орманбекова Л.Ж.,
«Өрлеу» Алматы облысы*

ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ – НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

2023 жылдың 24 наурызы күні Алматы облысы Ұйғыр ауданы Шонжы ауылында «Алматы облыстық білім басқармасының Ұйғыр аудандық білім бөлімі» ММ ұйымдастыруымен «Педагогтің кәсіби құзыреттілігі - нәтижелі білім берудің негізі» тақырыбында аудан педагогтерінің форумы болып өтті. Екі бөлімнен тұрған форумға 2000-ға жуық педагог қатысты. Форумның бірінші бөлімі пленарлық отырыстан басталды, екінші бөлімінде тәжірибелік алаңдармен ұласты. №6 алаңда «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы бастауыш сынып мұғалімінің рөлі» тақырыбы бойынша жұмыс жүргізілді. Бұл тәжірибелік алаңға «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Алматы облысы бойынша кәсіби даму институты «Әдіснама және педагогикалық инновация кафедрасының аға оқытушы Айгуль Байузакова жетекшілік жасады. Шара барысында Қырғызсай орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Мурасилова Гульнара «Қысқа мерзімді жоспар жазуда ҚР Оқу ағарту министрінің №382 бұйрығының талаптарының орындалуы» тақырыбына тоқталды. Аталған тақырыптың төңірегінде мұғалімдер спикер мен тренер тарапынан өздерін мазалап жүрген сұрақтарға жауап алды. Ж.Құдайбергенов атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Егизбекова Эльвира «Математика жаратылыстану бағыты бойынша бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру» тақырыбымен жалғастырды. Қызықты да тартымды тапсырмаларын топтық жұмыс арқылы ұйымдастырған мұғалімнің жұмысына әріптестері оң баға берді.



И.Молутов атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Розахунов Рамзат «Бірінші сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастырудағы әдіс-тәсілдер» тақырыбы бойынша шебер-сынып көрсетті. Өз ісінің шебері бола білген мұғалім ұтымды идеясын мен шығармашылығын танытып, тәжірибесімен бөлісті. №1 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі Таирова Саяра «Развитие функциональной грамотности по литературному чтению» тақырыбы бойынша тілдік дағдыларды дамытуға арналған тапсырмаларды құруда нақты нәтижені мақсат етіп қою маңыздылығын талқылап, өз ойымен бөлісті.

Ис-шара соңында аудандық білім бөлімінің басшысы Құрманалиева М.А. бөлімінің «Құрмет грамотасын» табыстады.

*Байузакова А.К.,
«Өрлеу» Алматы облысы*

МАЗМҰНЫ//СОДЕРЖАНИЕ

БІЛІМ САЯСАТЫ • ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПОЛИТИКА

Орманбекова Л. Ж. Функционалдық сауаттылық – оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуі мен жеке қабілеттерін дамытудың тетігі	3
Тохтиева В. С., Молдағалиева Р. Т., Шоманова М. К. Академические условия школьного образования, в контексте кросс-культурной компетентности педагогов-филологов	5
Адыбаева Л. Д. PISA халықаралық зерттеуі аясында тапсырма түрлерінің ерекшеліктері	8
Ахметова Б. Т. Знания и умения учителя – залог творчества и успеха учащихся	12
Тиктенбаев М. А. Серіктестік жұмысының шағын жинақталған мектеп ұстаздарының кәсібі өсуіне әсері	16

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР • ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИИ

Карсыбаева А. Б., Жубаева Ж. О. Модельдеу негізінде 3-сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын арттыру	19
Джарылгамысова Г. С. Понятие блокчейн (BLOCKCHAIN) и возможности его использования	23
Шалкарова З. М. Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, лингвоелтану материалдары негізінде қарым-қатынастық құзырлықты қалыптастыру	26
Джексембаева Н. С. Методы интермедияльного анализа художественного текста на уроках русского языка и литературы	29
Үмбетқұлова С.М. Информатика пәнінен ҰБТ-ға дайындаудың тиімді жолдары	33
Оразбекова С. Т. Применение дифференцированного обучения при изучении географии	35
Нургуль Кабдырейм Мектепшілік бақылауды тиімді жүргізудің оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға әсері	38
Болатбекова Б. С. Организация эффективного дистанционного обучения	41
Касымбекова М. М. Бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын дамыту және жылдам оқу дағдысын қалыптастыру	46

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ • ЦИФРОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ

Касенова М. А. Информатика пәнін оқытуда сараланған тапсырмалардың тиімділігі	48
Бексеитова Э.Ө. Цифрлық сауаттылық – бүгінгі заман талабы	50
Домбаева А. Н. Онлайн сервистер, СМАРТ технология мүмкіндіктері	51
Байдарова А.М. Цифрлық білім беру жағдайында информатиканы оқытудың өзекті мәселелері	54
Үмбетәлі Ж. Б. RuGame кітапханасы арқылы ойын кезінде кейіпкердің іс-әрекетін пернетақтадан басқару	56
Жакманова Ш. С. Ақпараттық-инновациялық технологияны пайдаланудың тиімділігі	61
Джабаева А. Т. Инклюзив балаларға цифрлық сауаттылық пәнін оқытудың ерекшеліктері	63
Иликбаева Л.Р. Бастауыш мектепте АКТ қолдану	66
Курманбаева А., Бакирбаева Э. Информатикадан оқытудың өзекті мәселері және оларды шешу жолдарын бағалау	67
Оспанбаева Б.О. Информатика пәні мұғалімінің тәжірибесіндегі цифрлық технологиялар:	

даму болашағы және қолдану тиімділігін талдау

69

ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНУ • ВОСПИТАНИЕ И СОЦИАЛИЗАЦИЯ**Онгарова Б. М.** Көркем шығарма құралдары бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің негізі ретінде

72

ПЕДАГОГ ШЕБЕРХАНАСЫ • МАСТЕРСКАЯ ПЕДАГОГА**Ерембаева М. А.** Ондық бөлшектердің жазылуы мен оқылуы

75

Жайлаубаева Л. А., Рыскелдиева Р. Р., Садибекова Б. М. Активные методы как средство формирования кросс-культурной компетенции учащихся на уроках русской литературы

76

Темирбаева А. А. Жетіген аспабының ұлттық сипаты хақында

80

Шонова М. Б., Ахметова Р. Н., Бозжигитова Б. У. Кросс-культурная компетентность педагогов-филологов: содержание и структура

83

Omurbek Anar, Esentaeva A.I. Formation of the foreign language cognitive-communicative competence of high school students by means of internet resources

88

Мұратқызы Н., Есентаева А.И. Цифрлық технологиялар арқылы болашақ шет тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісі

92

Raikanova A.M., Esentaeva A.I., The formation of intercultural communicative competence of secondary School students through criteria-based assessment

96

Бургебаева Л. Мұғалім мамандығы туралы менің ойым

100

Мухашева А. Е., Сауырбаева Г.К. Преподавание русского языка в национальных классах трудности и пути их решения

102

Ахметова С. Е. Жаңа форматтағы мұғалім

106

ТҰЛҒА • ЛИЧНОСТЬ–**Кашкинбаева Г. Б.** Ұлылықтың шамын жаққан шырақ – Ахмет Байтұрсынұлы

107

Ибраим А.М. Ыбырай Алтынсарин еңбектерінің білім саласына ықпалы

109

ІС-ШАРА • МЕРОПРИЯТИЯ**Орманбекова Л.Ж.** Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – нәтижелі білім берудің негізі

112

Байузакова А. К. «Үздік педагог - 2023» байқауының жеңімпаздары анықталды

113